



ПИОНЕР

№ 8 АВГУСТ 1957
Обязательный **АЛМАТЫ**
в земляр

ҚАЗАҚСТАН ФЕСТИВАЛІНІҢ ӘНІ

Музыкасын жазған —

СЫДЫҚ МҰХАМЕДЖАНОВ.

Сөзін жазған — БҮРКІТ ЫСҚАҚОВ.

Мәриш екпінмен жігерлі

1 Фес-ти валь! Фес-ти-валь-дің таңы ат-ты Фес-ти-
валь ту көтер-ді - да-был қақ-ты - бас-тал-ды
бір-лік, дос-тық ме-ре-ке-сі, жай-нат-қан жа-ды-рат-қан
жастық шақ-ты фес-ти-валь! фес-ти-валь! фес-ти-вальды
Біз ба-ра-мыз дос-тық ән! дос-тық ән! дос-тық жаң-лы
ән са-ла-мыз кел, жас тар кел, дос-тар фес-ти-вальде
Біз ба-ра-мыз кел жас-тар кел дос-тар
фес-ти-вальде ән са-ла-мыз фес-ти-вальде ән са-ла-мыз

Фестиваль! Фестивальдің таңы атты.
Фестиваль ту көтерді, дабыл қақты.
Басталды бірлік, достық мерекесі,
Жайнатқан, жадыратқан жастық шақты,

ҚАЙЫРМАСЫ:


Фестиваль! Фестиваль!
Фестивальге біз барамыз.
Достық ән! Достық ән!
Достық жайлы ән саламыз.
Кел, жастар, кел, достар,
Фестивальге біз барамыз.
Кел, жастар, кел, достар,
Фестивальде ән саламыз.

Келеді жарқын жастық жалын атқан.
Даңқымен дүниені дабылдатқан,
Далада тың көтеріп, мал өсіріп.
Қалада кен қопарған, өнер тапқан.

ҚАЙЫРМАСЫ.

Басталды Қазақстан фестивалі!
Шырқалды бейбітшілік, достық әні!
Өнерін көрсін Отан жас қазақтың,
Жырларын жас жүректің есті, кәні!

ҚАЙЫРМАСЫ.





ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы


№ 8

АВГУСТ
1957 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 19 жыл.

Қалықтайды қанатты ән



Төгіле түсіп құлпырған ауыр барқыт перде баяу сырғып ашыла бергенде, бөгеті бұзылған су тасқынындай лық еткен күй арнасы зал ішін керней жөнелді. Демін ішінен ала мамырлап барып кілт қалықтай көтерілген асқақ үн екпінді үрдіс шабысымен керіліп жатқан сонау қазақтың кең сахарасын дүбірлете, қою шаңды шұбалта қалдырып бара жатқан аттылы қалың топтың суретін көз алдына айқын әкеледі. Домбыраның мойнында лыпылдай жорғалаған саусак, сағаққа жетіп, сорғалаған күй сазы үзіліп барып, қайта лепілдей ағылғанда, құйғытып келе жатқан топ жұбын жазбастан оқыс жалт бұрылып, келесі асуды өрлей, қайтадан алғашқы қарқынына басқан сияқтанады. Енді бір кез бастырмалата үдей түскен күй дабылы екпіндетіп-екпіндетіп келіп іркіс-іркіс үзіліп кеткенде, алда кездескен жіңішке жылғалардан топ-топ қарғыған аттылардың батыл қимылы елестейді. Пәрменді күй ә дегенде жұла тартқан тегеурінді үні мен кең тынысынан айнымай, сол қалпында лаулай жанып жалп етіп сөнген жалындай, бірден доғарыла қалды. Бірақ, отты күйдің өмірлік сөнбес жалғасы — тыңдаушылардың ду қол соғысы — бір сәт сол тасқынды үнді қошеметтеп хан көтеріп әкеткендей болды.

Бұл орындалған қазақ музыкасының дауылпазы, қазақ күйінің атасы Құрманғазының атақты «Сарыарқасы» еді.

Дүр ете қалған қошемет қол соғу бытырлай сиреп жым болды. Тербеле сызылған «Айжан қыз» тыңдаушыны әсерлі ән құндағына бөлеп, сахнада қалықтай жөнелді.

Шоқ үкісі ырғала, дүрия көйлегі желбірей жер сызған Ш. Құмарова Айжан қыздың асқақ арманы мен тәтті қыялын әсем де әсерлі бимен бейнелейді.

Әсем би сахна төрінен сағымдай жоғала бере, екінші бір ән қанаты биікке самғап жалғасып кетті. Бұл — Абай әні «Қаламқас». Ол баяу көтеріліп, аспан биігінде бозторғайдай асылып тұрып алады да, енді бір сәт, ауыр тастай сорғалап, бойынды шымырлатып барып қайта көтеріледі, қайта баяулай қалықтайды. Сызылып шыққан домбыра оркестріндегі кобыз үні мен эстрада оркестріндегі нәзік скрипка үні сол әнді орындаушы Ерінбаевтің даусын тамаша сүйемелдейді.

Залда отырғандарды өте бір қызықтырған тұңғыш рет эстрада оркестрінің орындауындағы қазақ әндерінің рабсодиясы болды. Біресе әсем толқи, біресе шалқи қанат қаққан халық әндері бір-біріне үндесе жалғасып, толқыны толқын қуған зор ағысқа ұқсайды.

Әсіресе, ойнақы «Ақ тамақ» әні мен құбыла құлпырған «Қамажай» әндері көңілді ұшқыр әуенмен жүрекке жылы тиіп, рақатқа батырады. «Қамажайды» орындаушы Рысова өзінің сынғырлаған мөлдір даусын үйіріле билей демеп, әннің ішкі мазмұнын музыкалық ырғаққа бағындыра біледі.

Міне, думанды тойда айтылатын қазақтың халық әні «16 қыз» да өзіне тән нақышымен түйдектеліп-түйдектеліп келетін әуенінің шыры бұзылмай орындалды, орындаушы Өтепов тыңдаушылардың ырзалығына бөленді.

Бір сәт босап қалған сахнаға бишілер

топтана шықты да тың туралы ән шырқалып, әсем күй тартылды. Қақаған қызылшұнак аяз бен түтеген боранда қайыспайтын жастар тобы Отанымыздың соқа тілі тимеген тың даласына келіп, шағаладай тізілген жаңа қалалар тұрғызды. Аспан түндігімен астасқан көз жеткісіз жазықтықты таспадай тіліп, бұп-бұйра жер қыртысын шұбалта аударып бара жатқан трактор гүрілі де тың өмірдің тынысы секілді. Қазақстанның кең де бай даласына келген жастар өмірін көрсеткен бишілердің жүздерінен нұрлы шаттық, көңілді өмір нышаны ғана көрінеді. Алғашқы бір бөлімінде екі жақтан жарыла шыққан жастар тың даласында тұңғыш кездесіп, тың өмірдің алғашқы күндерін көрсетсе, барған сайын оркестр үні де ән әуенін құбылта, шаттық лебін еседі. Ендігі бір бөлімінде түгелдей қарбалас қимылға енген бишілер тобы қарбалас маусым кезін бейнелейді. Жайқалған астықты алқаптағы аузынан алтын дәнді бұрқырата төккен комбайндар мен элеваторға жосыла ағылған машина тізбектерінің қызу да қарқынды жүрісі көрінгендей.

Би соңы да сахнаны солқылдатқан дабылды дүбірмен, бүкіл ең дала — тың даласына тән еңбек дүбірін сипаттаумен тоқтайды.

Концерт аяғы көз тартатын түрлі түсті әсем ұлттық киімдермен шыққан үлкен бимен аяқталды. Қызылды-жасылды барқыт камзол, үкілі бөрік, қосетек көйлекпен құлпыра шыққан қазақ қыздары, түрлі түсті жалтыраған ленталары төгіле, биік өкшелі қызыл етікті күлімдеген украин қыздары, үстіндегі көк атлас көйлегіндей жайнап шыққан орыс жігіттері достық құшақтарын жая, бауырмал көңілмен, шаттық жүзбен, араласа дөңгелеп, билей жөнелді. Ауыса құшақтасып, жетектей жүгіріскен осы бір лек-легі-

мен шыққан бишілер тобы, еліміздегі түрлі ұлттардың арасындағы шынайы достық, туысқандық махаббатты көрсетеді. Залдағы отырғандар өздерін сол би құшағында жүргендей сезінеді.

Балалар, бұл Алматы көшелерін жастық әні — шаттық әні кернеген фестиваль күндерінің бірінде болған қала студенттерінің «Шамшырақ» деп аталатын бір тобының концерті еді.

Республикалық фестиваль күндері жасыл желек жамылған мәуелі ағаш жапырақтарынан оранған Алматы қаласы ән тасқынына көміліп-көміліп кеткендей болды. Зәулім үйлердің алдында, парк іштерінде, әсем бульварда шырқалған ән, тамылжыған күй, ырғалған би Алатаудың шындарынан естілгендей желпіндіре жетелейді, бой сергітеді.

Міне, алдарына бейбітшілік ұрандарын желбіретіп ілген жиырма шақты жеңіл машина жасыл орманды Алматы қаласын артқа қалдырып, Отанымыздың жүрегі Москваға қарай сапар шекті. Бұл — «Шамшырақтың» студенттері.

Ән қанаты Балхаш мысшыларының, Қарағанды көміршілерінің, Теміртау металлургтарының, Ақмола, Атбасар, Қостанай, Жетіқара, Тобыл даласындағы тың игерушілердің алдында қалықтай көтеріліп, Чкалов, Куйбышев, Пенза, Рязань қалаларынан самғай ұшып, Москва қаласына жиналған дүние жүзі жастарының бірге қосылып шыққан ән тасқыны, жер шарына тамырдай таралып «Бейбітшілік!», «Мир!», «Peace!» деп жар салады.

Достар, бейбітшілік құсындай шырқалған әндерің көгілдір аспан өріне самғай ұшып, талмай жетсін. Сапар оң болсын!

С. Жүнісов.





Н. Ғабдуллин.

Гүлнар

ӘНГІМЕ

(Соңы. Басы өткен санда.)

Жаңа қонысқа келген әзірде бұл күйге душар болғаным жанымды көп қинады. Енді көшеге шығып, көзге түсудің өзі қиын. Бәрінен бұрын Гүлнарға қайтіп көрінбекпін? Ол да мені көруге құштар деймісің. Қызыл бұзау тарихын талай адамға жария қылған да шығар. Неткен есер, неткен даңғой бала еді деп, маған мінездеме де беріп тастаған болар. Барып тұрған содыр, жарымес деп, мойныма ауыр кінә тақпағанын қайдан білем. Я, оған қалай десе де рауа ғой. Бірақ менің Гүлнарға сол үшін көрінгім келмей жүр деп ойламаңыз. Шын сырым, өз сәлекеттігіме ұялғаннан оның көзіне түспейін деп тасада жүрмін.

Сонымен, көбіне үйде қамалып отыра бердік. Үй пана. Тысқа шықсам, әуелі аулада тұрып маңайды барлап аламын. Дүниеде қылмысты болғаннан жаман ешнәрсе жоқ екен! Бар кінәні өзімше Нұртайға аударып, оны қанша жазғырғанмен, бишара қызыл бұзаудың обалына қалған өзім ғой. Күрең ат шошып үркіп ала қашқанда, үстінен неге қарғып кетпедім екен? Әрине, онда қызыл бұзау аман қалатын еді... Бірақ бұл сөзді несіне айтып отырмын? Ат үстінен ырғып кетуге батылым жетпей, жасқанып қалмадым ба? Тобығымды қақ ашаға оңдырмай

соғып, аяғымды екі-үш күнге дейін сылтып бастым. Өткен іске өкінуден пайда не бірақ?...

Тағы да, міне, көше жақ терезенің пердесін аздап қана қайырып, сыртқа көз салып отырмын. Түс ауған шақ. Күн ыстық. Қарсыдағы үйдің үлкен қорасының көлеңкелі ығында екі жылқы үйездеп тұр. Ұзын қорапты арбаға үлкен темір бөшкені дөңбекшітіп бос салып алған бір әйел торы атқа қамшы үйіріп, терезенің дәл түбінен даңғырлатып жортып өтті...

Бір сәтте біреудің сықылықтап күлгенін құлағым шалды. Таныс үн. Әйнектен сығалай қалдым. Гүлнар жып-жып сөйлеп, күліп қойып, бір егде әйелге әлденені айтып келеді. Зуылдай қалды жүрек. «Е, әрине, менің оқиғамды жеткізді ғой» — деп ойладым. Пердені түсіріп жіберіп, сәл кейін сырғыдым.

Гүлнар үні дәл терезе түбінен естілгендей сезілді. Пердеден тағы да сығаладым. Олар біздің үйге тура беттеп келеді. Ал, енді қайтпекпін? Үйден ұрлана шығып бір жаққа жылыса тұрайын ба? Жоқ, орнымнан қозғалар емеспін. Тұрған жерімде, мойным күнбағыс сабағындай иіліп, қалшидым да қалдым. «Мейлі, келсін үйге Гүлнар... Қашанғы

жасырына бермекшімін,— деп ойладым,— бар жайды түгел баяндап айтайын. Неге түсінбейді? Нұртайдың кесірі ғой бәрі... Менде не жазық бар?.. Сонда өзімді ақтай бергенім — өзімді өзім мақтай бергенім болмай ма? О, тәйірі-ай, мұнда тұрған дәнеңе жоқ, шындықты айтуға тиістімін. Ал, қандай қортынды шығарамын десе, бұл Гүлнардың өзіктіяры... Әрине, кешірім өтінбеске болмайды, бойымды жеңілтіп алуым керек... Келсін үйге, келсін... Қазір есік ашылады... Гүлнар маған не деп тіл қатар екен, ә! Әлде үндемей келіп, үндемей шығып кете ме? Жоқ, мүмкін емес... Ол әлгінде не жайға күліп келе жатты екен?.. Азырақ сабыр етейін, қазір бәріне де мәлім боламыз...»

Жоқ, бұл жолы босқа дәмеленіппін. Олар біздің үйге бұрылмай ілгері ұзап кетті...

Арада бір аптадай уақыт өтті. Бір үйдегі ойы да көп, уайымы да көп адам — жалғыз мен ғана. Дертіне дерт жамалып, ауруы ұшығып алған кісінің көңіл күйі қандай болса, менің жайым дәл сондай. Кейде басым зеңіп тамаққа да зауқым соқпайды. Көшеге шығып, серуен жасап, бой жазғым, көңіл көтергім келеді. Бірақ, өз-өзімнен қысылып тартына беремін. Сыртқа шыға келсем-ақ біреу маған «Әй, содыр, неғып жүрсің?» деп тіксініп қалатындай көрінеді де тұрады. Терезе алдында жапырағы жайқалып тұрған



көк терек бар. Осы соңғы кезде ол да маған тосырқап қарағандай. Жапырағы бұрынғыдай еркелеп сыбдырламайды, мен жуысам ызыңдап, мезіленіп кетеді. Бар бұтағы маған қарай бұрылып, «қылмыскер мұнда отыр» деп нұсқағандай болады да, лаж жоқ, қасынан аулақ сырғимын. Әсіресе ең қысылатын кісім — Гүлнар. Оған барып жолығуға, кешірім өтінуге әлі бетім күйіп жүр. Баруға талай оқталып, талай тартындым. «Неге осынша батылсызбын» — деп, оңашада өзіме мықтап кейіп те аламын. Соңғы кезде іштей бір құбылысқа түскенімді әкем сезіп жүріпті. Бір күні үйде алдыма кітапты жайып қойып, ойға шомып отыр едім.

— «Үш мушкатерді» үш күн бойы оқығанда, елу шақты бетінен әрі ұзай алмапсың ғой,— дегенде жұмған аузымды аша алмай мөлітім де қалдым. Ертеден кешке дейін қолыма қалың кітап ұстағанмен мандытып оқи алмай, көбінесе жым-жырт боп ойға шомып отырғанымды әкем ылғи байқайды екен ғой. Мені меңдеп алған неткен ой? Сырымды жасыра алмадым, өзім дұшар болған қиын халдің бар тарихын әкеме қысылып отырып, әрең-әрең айтып шықтым. Ол сөзімді бөлмей, үнсіз тыңдады. Содан соң төмен қарап тағы да біраз үндемей отырды да:

— Үйде неге қамалып отыра береді десем, жұрт көзіне түсуге қымсынады екенсің ғой. Бүйтіп бұға берсең, сенің жақсы адам екеніңді кім біледі, кім көреді,— деді. Осы бір жалғыз ауыз сөз әуеніне ерекше бір толқын бітіріп, көңілімді тербетіп жіберді. Жан дүниемде қандай өзгеріс туа қалғанын білмеймін, жылағым келгендей бір халге түстім де, ұмтылып барып әкемнің мойнынан асыла құшақтадым. Аяғын апылтапыл басып жүрген нәрестеге ұсап кеттім ғой деймін, соңынан осы қылығым өзіме ерсі көрінді. Мойнына барып асылғанда әкем сәл езу тартты, бірақ үндемеді...

* * *

Әкемнің сондағы айтқан ақыл сөзін қайта-қайта еске аламын. Рас-ау, бүйтіп бұға берсем, менің жан сырымды кім ұғады, жақсы адам екенімді кім біледі, кім көреді? Гүлнардан қашанғы тығыла беремін. Барайын өзіне, кешірім сұрайын... Ұяттан өлген кісі жоқ... Не болса да бәрін де мойынға алдық...

Осы бір ой жетелеп Гүлнардың үйіне бардым. Мен келгенде Гүлнар қора алдында жеңіл арбаға ат жегіп жатыр еді. Тым асығыс түрі бар. Мені дәл қасына жуық келгенде ғана байқап, оқыс бұрылып, тіке қарады

да, мәлиген ұсқынымды көріп таңырқады ма, кім білсін, үн-түнсіз тұрып қалды. Бізден де береке қашып кетті. Жеткенше ішімнен қорытып, сұрыптап, әзірлеп келе жатқан сөзімнің біреуі аузыма ілікпейші!

— Көптен көрінбей кеттің ғой, — деді Гүлнар. Үнінде мен күткендей мысқыл да жоқ, зіл де жоқ.

— Өзің қайда жүргелі жатырсың? — деп қалмасым бар ма, айтайын дегенім басқа еді, осы сөздің аузымнан еріксіз шығып кеткені.

Гүлнар күлімсіреді. Жөнін айтты. Үйге отын әкелуге жүргелі жатыр екен.

— Мен бірге барайын... Көмектесейін... Қазір қолым бос, — дедім мен. Шын ниетпен білдірген тілегім. Әйтпесе сол сәтте бұрынғы кінәмді осымен жуып тазарайын деген еш ойым жоқ еді.

Екі қайыра өтініп, Гүлнардың рұқсатын алған соң, шешеме жөнімді айтып, ықшам киініп-буынып, беліме өткір балта қыстырдым да Гүлнармен бірге отынға жөнелдім.

Қозыкүрең ат бүлк-бүлк жортып келеді. Гүлнар делбе ұстап ілгері отыр. Ауылдан екі километрдей ұзадық. Гүлнар екі-үш рет сөзге тартқанда ғана қысқа жауап қайырып, көбіне үнсіз ойға шомып келемін. Бір кезеңнен өте бергенде, оң жағымыздан трактор гүрілі естілді. Сәл бұрылып көз салдым. Бізге таман деңкиген бір мая шөп көшіп келеді. Қызығып қараймын. Алыстан барлағанда, маяның жанында өрмекшідей-ақ көрінген шынжыр табан трактор мол шөпті сым арқанға орап алып, өрмекші торына шырмалған шыбындай ғып бүрістіріп тартып барады. Қашан тасаға түсіп, қара үздіріп кеткенше мойнымды созып қарадым да отырдым. Қалай ол жасырынды, солай бір ойлар зілдей болып екі иінімнен баса қойды. Гүлнар манадан бері қызыл бұзау жайында ләм деген жоқ. Ал, өзімнің үндемей отырғанымға жол болсын! Кешірім өтінбек болған шешім қайда? Әлде мұны ұмытып барамын ба?... Жоқ, неге ұмытайын! Әуелгі сөзді қалай қисындап бастаудың ретін таппай бөгеліп келемін. Қиын-ау осындай күйге ұшырау!

— Қалтай, неге үндемейсің? Кескінің неге жабырқау? — деп Гүлнар маған салмақпен қарады, — Осы соңғы кезде мінезің тіпті өзгеріп кеткен сияқты.

— Әбден мүмкін... — Үнім естілер-естілмес боп, ернім қыбырлады.

— Бізден ұялып жүрген шығарсың... Кінәлімін деп ойладың ба?... Жоқ, сенің еш кі-



нәң жоқ... Түнеугүні сенің атыңды үркіткен Нұртай екен ғой. Өзі айтты. Бәріне кінәлі сол Нұртай. Ағаттық жасағанын айтып, үйге келіп кешірім сұрады. Апам ренжіген жоқ. Ренжігенде қайтсін, қызыл бұзау айта тірілмейді ғой... — деді Гүлнар.

— Менің де кінәм бар. Атым үрке жөнелгенде не басына ие бола алмадым, не үстінен секіріп кетуге батылым бармады. Секіріп кетсем ғой дәнеңе жоқ, тізгінді қисая тартып сыңар езулеп, елірген атты шарбаққа тап қылдым.

— Бәрінен бұрын өзіңнің аман қалғаныңды айтсаңшы. Ат ашаға соққанда аяғың қатты ауырған шығар?... Нұртай да осындай жағдай болар деп ойлады деймісің... Бірақ, ойынның да жөні бар ғой, аңғал ойын бір пәлеге кезіктірмей қоймайды, — деді Гүлнар салмақты үнмен. Өзім басымды изеп құптап қойдым. Неше күндей еңсемді басқан зілден енді ғана арылып, бойым жеңілейіп қалғандай, жадырап серги бастадым.

— Сені түнеугүні терезеден қарап тұрғаныңда бір рет көріп едім. Әйнектің пердесін неге түсіре қойдың? Мен қасымдағы кісіге сені жамандап келе жатыр ғой деп ойладың ба? — деп жымыды Гүлнар. — Мен оған қызыл бұзау тарихын айтқан жоқпын. Ешкімді де сыртынан жамандамаймын. Сен егер жаман болсаң, мініңді көзіңше айтам. — Ол күле сөйлеп сұқ саусағын шошайтып маған сес көрсетті.

Мен аузыма сөз түспей тек күлімсірей бердім...



Асқар Лекерев.

ӘҢГІМЕ

1

1918 жылдың көктемі...

Әжем екеуміз тағы да Сандықтас тауының төбесінде отырмыз. Айнала үңіле қарағанмен, үйреншікті қара жартастан басқа ештеңе көрінбейді, жым-жырт. Тау етегінде еріген қар суымен тасып аққан Құрайлы өзенінің гүрілі ғана естіледі.

Әжем сол қолының шынашағындағы шүйкесін соза отырып, қала жаққа апартын жолға анда-санда бір қарап қояды.

Бір кезде ол ауыр күрсініп:

— Көкең тағы да келмеді. Қаладан бүгін шықса да келетін уақыты болды. Өлде жалғыз атын жоғалтып алды ма, кім білсін? — деп қойды.

— Мен зерігіп кеттім, тағы да әңгіме айтып бер,— деп, ертелі-кеш бос уақытында ел ертегілерін, көрген-білгендерін айтып беріп күлдіріп отыратын әжемді мазаладым.

Бірақ, қазір әңгіме айтуға зауқы келмей отырған әжем:

— Құлыным, мен не айтайын,— дей салды.

— Мен біраздан кейін әжемнің қасына тағы келдім.

Әлі есімде

— Осы Құрайлы өзені қайда барып құяды? — деп сұрадым.

Әжем шүйкесінен көзін аудармай, соза отырып:

— Бұл өзен Көгілдір тауының тұсынан барып, Аягөз өзеніне құяды,— деді.

— Оны сіз қайдан білесіз? — дедім мен құмарлана түсіп.

— Бір кезде сол қалың елдің ортасында болғанбыз. Оған талай жылдар өтті,— деді әжем әлдене ойына түскендей.

— Әже, сол елдің ортасынан неге кеттік, көп балалардың ортасында маған да қандай жақсы болар еді? — дедім, сол елді өзім көзіммен көріп келген адамдай.

— Ол ортадан қашып кеткенбіз,— деді әжем әңгімені ұзаққа созғысы келмей, келте қайырып.

Әжемнің «қашып кеткенбіз» деген сөзін түсінбедім. Өйткені, мен құз қойнында тек қасқыр шапқан жылқының ғана қашатынын білетінмін. Сондықтан әжеме:

— Сендерді ел ортасынан қасқыр құды ма? — дедім.

— Құлыным, сен әлі жассың. Оның бәрін өзіңе кейін айтып беремін. Бізді қуған даланың қасқыры емес, ауылдың қасқыры болатын.

— Олар кәдуілгі қасқыр сияқты адамдар ма?

— Я, сырты адам болғанымен, іштері қасқыр сияқты адамдар,— деп бастап, өзінің туған әкесінің малға сатамын деген жерінен қашқаны туралы айтты. Бірақ, мен ештеңе түсінбедім.

Әжем осы әңгіменің үстінде әжімденген өңіне бір уыт пайда болғандай, самайындағы шаштары жел лебімен селдірей түсіп қабағын шытады. Ойлы көзінде әлі талай сыр жатыр... Үнсіз тесіле қала жаққа тағы қарады.

— Бізді өмір қысылшаңына әкелген осы жол еді, енді өмір қызығын да осы жолдан күтіп отырмыз,— деп, мені бауырына қысып, маңдайымнан мейірлене сүйіп, «айналайын!» — деп, тағы күрсінді.— Ел арасына бір қуанышты хабар тарағалы көп болды. Тек сол хабар шын болсын. Сендердің қамыңды бізден басқа да ойлайтын адам бар дейді...

Әжем осы әңгіменің үстінде кемсеңдеп, көзіне жас алды. Осы кезде менің де жүрегім дірілдеп, ернім жыбырлап жылағым келді. Бірақ не үшін екенін білмеймін. Әжемнің кеудесіне басымды тығып жатып қалдым.

Біраздан кейін басымды көтерсем, әжем көзінің жасын тыйып, тағы да қала жаққа қарап отыр екен. Оның әлгі әңгімелерінен ойымда жұмбақ болып қалған, «сендердің қамыңды бізден басқа да ойлайтын адам бар екен!» деген сөздің сырын білгім келді.

— Әже, сіз айтқан, біздің қамымызды ойлайтын адам кім? Ол бізге үй салып бере ме? — дедім.

Өйткені мыжырайып құлайын деп тұрған тас үйден барлығымыз да үрейлене қорқатынбыз.

— Ол ма, ол, — деді әжем мені қолтығымнан көтеріп, ерекше қуанышпен, — ол — Ленин! — деді.

Бірақ қаншама мазаласам да, әжем Ленин туралы ештеңе түсіндіре алмады. Тек Ленинді ерекше қуанышпен атағаны есімде қалды.

Міне, мен Ленин атын тұңғыш рет осылай естіген едім.

Кеш кіріп, құз қойындарының көлеңкесі ұзара түсті. Әдеттегі қара жартасты шың-құз қыядан басқа, елбең етіп ұшқан құс та көрінбейді. Тау етегіндегі мыжырайған тас үйден шыққан түтін ғана осы әңгірге жан беріп тұрғандай көрінеді...

II

Сол кеште мен көпке дейін ұйықтай алмадым. Байқаймын, әжем де ұйқылы-ояу жатыр. Бір кезде біреу терезені тықылдатып қаққандай болды. Әжем басын көтерді. Терезе тағы тықылдады. Әжем ақырын тұрып терезенің алдына барды. Мен де үрейлене басымды көтердім.

— Бұл кім? — деді әжем.

— Өзіміз ғой, — деген сырттағы дауыс маған да естілді.

— Ойпыр-ау, сен өзіміздің Павел емесің бе, қазір, қазір, — деп, қонағын даусынан таныған әжем, асыға киініп, шығып бара жатып, үйдегілерге, — шам жағындар, — деп дауыстады.

Әжем біраздан кейін сырттан бір топ қонақты алып кірді. Үй іші ала көлеңке. Мен көрпеден көзімді ғана сығырайтып қарап жатырмын. Барлығының соңынан көкем келді. Оны даусынан таныдым.

— Өз үйлеріңе келгендей жайласыңдар! — деп сөйлей келді.

Қонақтардың барлығы сырт киімдерін шешіп, бірі сандықтың үстіне, бірі пештің алдына, бірнешеуі, төр жаққа келіп отырды.

Көкем жайлап қана көрпемді ашты. Ояу жатқанымды біліп, құшақтап бетімнен, маңдайымнан сүйді. «Неге ұйықтамай жатырсың?» — деді. Осы кезде біздің қасымызға көкемнің тамыр орысы Павел келді. Маған қалтасынан алып кесек қант берді. Жирен, қауға сақалымен бетімді жауып, маңдайымнан сүйді.

Олардың әңгімесіне әжем келіп араласты. Қонақтардың түнделетіп жүрген жағдайларын сұрады.



Қызыл Павел (Павелды біздің үйдің іші қызыл Павел дейтін) қазір қаланың ақтардың қолында екенін, қызылдармен байланысты болғандарды тұтқынға алып, асып, атып жатқанын, өздерінің де тұтқыннан қашқанын жан түршіктіре айтты.

Бұдан әрі олардың өзара дабырласқан сөздерінің арасынан «Ленин», «Петроград», «Москва» дегенді естідім. Бірақ ештеңе түсінбедім. Талықсып барып ұйықтап кетіппін.

Таңертең кеш ояндым. Күн сәулесі терезеден үйге түсіп тұр. Түндегі қонақтар көрінбейді. Көкем де, әжем де үйде жоқ. Мен

тез киініп, енді далаға шығайын деп жатқанда, әжем келді.

— Қонақтар қайда? — деп сұрадым мен.

Әжем:

— Сен оларды қайтесің, қалаға қайтып кетті,— деді.

— Көкем қайда?

— Көкең қазір келеді.

Осы сөздерден кейін әжем өз жұмысымен айналысып кетті. Мен тамақтанып болған соң сыртқа шықтым. Есік алдындағы Шоқпартасқа көтерілдім. Осы кезде өзеннің жоғарғы жағынан құлдилап келе жатқан көкемді көрдім. Оған жүгірдім. Көкем атын тоқтатты да, мені жерден көтеріп алдына алды. Бірақ көкемнің өңінде бір суықтық бар сияқты. Қалың қабағының астындағы әдетте күлімдеп тұратын көз жанарында тосын ойдың ізі бар. Үнсіз ілбіп келе жатты.

— Көке, қонақтарың қайда? — дедім.

— Онда сенің жұмысың болмасын! — деді қатал дауыспен. Мен қайтып тіс жармадым. Бір жасырын сырдың барын ішім сезе қойды. Үйге келгеннен кейін әжем мен көкемнің әңгімелеріне құлағымды түрдім.

«Кереге тасқа апарып тасаладым». «Ел көзі елу». «Қуғыншылар келіп қалуы мүмкін». «Аттардың ізін қойдың ізімен жасырдым». «Аузыңа сақ бол!» деген сөздерді аңғардым. Бірақ, бұл сөздерден ештеңе түсінбедім. Бар түсінгенім: көкемде де, әжемде де үлкен үрей бар.

* * *

Түс ауа қала жақтан бір топ мылтықты адамдар сау ете түсті. Олар аттарын асығыс далаға байлай салып, біздің үйді, қораны, шөп маясын, өзен бойын тінтіп шықты. Қайта үйге кірді. Барлығы аш қасқыр сияқты, бірі бидайды уыстап ауыздарына құйып, бірі піспеген сүрі етті өз беттерімен алып ши-

кідей жұлқылап жеп жүр. Бірі теңді шешіп, бірі кебежені ақтарып, керек дегендерін алып жатыр.

Бір кезде сары ала киімді біреуі көкемді желкелеп ұрып, үйге алып кірді. Тілмаш арқылы тұтқыннан қашқан адамдарды сұрады. Менің жаным түршігіп, әжемнің төсегінде, шоқпыт көрпенің арасында жатырмын.

Олар қаншама ұрып соққанымен көкемнің аузынан шығатыны екі-ақ сөз: «көргенім жоқ, білмеймін!»

Бір кезде олардың барлығы тік көтеріле далаға шықты. Көкемді дедектетіп ала шықты. Мен жүрегім дірілдеп жылап жатырмын. Осы кезде әжем келіп мені құшақтады:

— Құлыным, шошып кеттің бе, қорықпа, үрейленбе, олар қазір кетеді,— деп мені қой қораға алып келді. Оның төр жағындағы кішкентай тесіктен өзі сыртқа қарады. Қалаған тасқа өрмелеп, мен де тесіктен сыртқа қарадым.

Әлгі құтырған қасқырдай сары ала киімді көкемді Шоқпартастың басына шығарып, алтыатарын оның кеудесіне тақап тұр екен. Менің жаным бұрынғыдан да түршіге түсті. «Көке!» деп айқайлағым келді.

Бір кезде мылтық даусы құзды сілкінте шаңқ ете түсті. Көкем Шоқпартастың басынан әрі қарай құлап кетті. Әжем мені құшақтап жылай берді, мен де жыладым.

Әлден уақыттан кейін әжем мені жетектеп сыртқа шықты. Үлкен жұмыс бітіргендей қала жаққа қарай шауып бара жатқан солдаттарды көрдік. Әкем екеуміз Шоқпартастың басына шықтық. Төмен үңіле қарағанмен көкемнің денесі көрінбеді. Тек, шулап, ашулана аққан Қурайлы өзенінің өркешті толқындары жағадағы жартасқа бұрқана соғып жатты...

БАЗАРЛЫҚ

...Алдымнан анам шығып құшақтады,
Көзінен тырс-тырс тамып бұршақтары,
Аймалай сүйе берді.

Суреттеуге

Тіл жетпес ана жанын бұл шақтағы,
Сездіріп бауырмалық жылы лебін,
Қаумалап ортаға алды інілерім.

— Қаладан не әкелдің? — дейді маған,
Асылып иығыма бірі менің.

Мұндайда тағат қайда шыдайтуғын,
Өзім де сезіп едім сұрайтынын.

Сонда да соңын күтіп сұрағының,

Сыр ашпай сәл кідіріп шыдай
тұрдым.

Япырау, бұларға енді не беремін,
Ішімнен қыйналамын, бөгелемін.
Бір жолға базарлықты өтей алса,
Ұсынып өлеңімді көрер едім.

Ойым жоқ құр алқан келем деген,
Шаттансын көңілдерің елеңдеген.
Оқыңдар базарлық сол —

Өлеңдерім.

Телміріп ой соңында көп өңдеген.

Қызылорда облысы. **Қ. Дәрібаев.**



Хитын Кілт

леген көздерімен көшенің оң жағындағы көк шатырлы үйді нұсқап:

— Өне, анау... алпыс жетінші үйге ұры түсіп жатыр,— деді.

— Ұры?!

— Ия.

— Нешеу?

— Біреу.

— Анық па? Үй иесі болып жүрмесін.

— Анық! Алпыс жетінші үйде еркек тұрмайды. Бір дәрігер әйел тұрады,— деді бала, милиция лейтенантының өзіне сенімсіздік көрсеткеніне сәл жәбірленген үнмен.— Міне, құлпы. Мен аңдып... құлыпты бұзғанын көрдім. Қолында жұқа қолғабы бар. Бәрін көрдім, аңдып тұрып, сабақтан да кешіктім. Тездетіңізші, ағатай.

Баланың дәлелді сөздері Әділжановты сендірмей қоймады. Ол бір сәт ойланды да, лезде шұғыл шара қолдану шешімін жасады. Баланың иығынан ұстап, жүзін өзіне бұра:

— Сабақтан кешіктім деп қынжылма. Дәлелсіз емес қой, кешірер. Азаматтығыңа рақмет! Тарта бер! Мен ұрыны ұстауға аттандым,— деді.

Бұдан кейін бала, аяғы-аяғына жұқпай жүгіріп кетті де, біраз жерге ұзаған соң тоқтап, артына қарады. Бұл кезде Әділжанов та, толық денесін еркін игере, көк шатырлы үйге қарай асығып кетіп бара жатыр еді.

Әділжанов үйге жеткенше не бәрі бесалты минуттай уақыт өтті. Аула ішіне сырт жақты айналып келген ол есіктің шала жабылғанын көрді. Саңлаудан сығалап еді, іштен ешкімді көре алмады. Бірақ үйден бір еркектің даусы естілді, құлақ төсеп тыңдай қалды.

— Есік ашық екен, кіріп, үй иесін күтіп отырмын,— деді жаңағы дауыс.

«Есік ашық екен. Демек, ұры болмағаны ғой. Әйтседе байқау керек» — деп ойлады Әділжанов. Ауызғы үйде ешкім жоқ екен, төргі бөлмеге өтті. Осы жерде ол телефонда сөйлеп тұрған, маңдайында тыртық із бар, арық жүзді, қара сұр жігітті көрді.

— Әрине, көп ұзамай келуі тиіс. Тағы біраз күтемін,— деді де, жігіт үйге милиция

ӘҢГІМЕ

Түнгі уақытын өз участогінде өткізіп шыққан милиция лейтенанты Әділжанов осыдан екі көше жоғарыда тұратын үйіне тез жетуге асыққандай, аяғын кең адымдай басып келе жатты. Оның өңінен шаршағандық белгісі көрініп тұр.

Лейтенанттың ойы бұдан үш күн бұрын көрші көшедегі бір үйді тонап, ізін таптырмай кеткен ұрылармен болып келе жатыр еді, кенет, артынан естілген бала даусы оның ойын бөлді. Сол-ақ екен, ол сергек адамдарға тән шапшаңдықпен жалт бұрылды.


Жасы он-он бірлерге таяу, талдырмаш бойлы бір бала жүгіріп келеді. Қолында бүйірі томпайып шыққан кітап сумкасы, мойнында галстук.

— Ағатай, тұра тұрыңызшы! Тоқтаңызшы!— деп айқайлап келеді ол.

— Ағатай, тоқтаңызшы!— деді ол келіп жеткен соң да, қолымен алқынған өкпесін баса сөйлеп.

— Не боп қалды?! — деп Әділжанов асыға, әрі таңдана сұрады.

Бала, өрттен қорыққандай үрей елесі би-



лейтенанты кіргенін көріп, трубканы орнына қойды.

— Кешірерсіз. Бейтаныс жан көрген соң...— деді Әділжанов.

— Әрине! Бейтаныс екенім рас,— деп жымыды жігіт.

— Біздің қызмет сақтықты талап ететіндіктен...

— Қалаға жуықта келіп, қонақ үйде жатқан жанмын. Бүгін ескі досыма қонақ болғалы...

— Бірақ, досыңыз көрінбейді ғой,— деді Әділжанов жігіттің сөзін бөле, үй ішін шапшаң шолып өтіп.

— Ия, есігі ашық, өзі жоқ. Қайда кеткенін білмеймін, кешігіп жатыр.

Әділжанов үй ішінен ешқандай суық қол ізін көрмеді. Жігіттің сабырлы айтылған сөздері де көңілде күдік қалдырмағандай.

— Досыңыз кім еді?— деді ол жігітке, бір ой келіп.

— Еркебаев.

— Еркебаев?!

— Иә, дәл солай. Жаңылған жоқсыз, лейтенант жолдас!

— Бірақ, сіз жаңылып тұрсыз,— деді Әділжанов бір сырдың ұшығын ұстағандай.— Бұл үйде Еркебаев түгіл, еркек атаулы тұрмайды.

— Қалайша тұрмайды?— деді жігіт өңі бұзылып.

— Солай! Мұнда дәрігер әйел тұрады.

— Бұрын Еркебаев тұрған. Бұдан бір жыл бұрын,— деді жігіт әлде де сенбегендей.

Әділжанов телефонға келіп, адрес бюро-

сын алды да, алпыс жетінші үйде бұрын Еркебаев дейтіннің тұрған-тұрмағанын сұрады.

— Бұрын тұрған,— деп жауап берді адрес бюросындағылар, — кейін Қыйыр шығыс жағына көшіп кеткен.

— Көшіп кеткен?! Босқа күтіп әуре болыппын ғой. Анықтап бергеніңіз үшін рақмет! Қош болыңыз,— деп, жігіт кетуге айналды.

Әділжанов аңырып қалды. Не істеу керек? Қоштасып қала бермек пе?

Осы кезде оның көзі кровать жамылғысының бір шеті сәл қыртыстанып тұрғанын шалып, көңілі күдік алды.

— Кідіре тұрыңызшы,— деді ол есікке жетіп қалған жігітке.

Жігіт кідірді.

— Бері қайтыңыз.

Жігіт таңдана аяғын қозғап қойып, кейін қайтты.

Әділжанов бұл жолы қателескен жоқ. Ол шұғыл кровать астына еңкейді де, шандып байланған бір теңді шапшаң тартып шығарды. Теңді тездете шешкенде, оның ішінен біраз ақша мен бағалы киім-кешектер, қымбатты қант сауыт, асыл бұйымдар ақтарылып шыға келді.

— Бұған не дейсіз?!

Жігіт алғашында шошынғандай серпіліп кетсе де, лезде бойын қайта жинап алды. Теңді алғаш рет көріп тұрғандай, үңіле қарап:

— Түсінбеймін,— деді.

— Паспортыңызды!

— Ұмытпасам, қонақ үйде жатқанымды айттым ғой деймін. Паспортым сонда. Сен-бесеңіз, оны да анықтауыңызға болады.

Әділжанов енді сенім атаулыдан аулақ еді. Ол қонақ үйге телефон соқты. Жігіттің қонақ үйде жататыны анық болды. Сонсоң, ол үй иесі әйелді телефонға шақырды да, оның тездетіп қайтуын өтінді. Әйел көп күтірмей-ақ келіп жетті.

* * *

Міне, олар енді милиция участогінің шағын бір бөлмесінде отыр. Әділжанов жігіттен жауап алуда. Жігіттің жауаптары сол сәтте-ақ қағазға түсіп жатыр.

— Сөйтіп, сіздің бұл қалада бөтен танысыңыз жоқ қой?

— Ешқандай.

— Бірақ сіз телефон арқылы біреумен сөйлестіңіз емес пе?

Жігіт көңілдене жымиды.

— Қонақ үй шайханасында танысқанбыз. Мен баратын жерімді айтып едім.

— Сіз келгенде үйде ешкім жоқ па еді?

— Ешкім.

— Демек, құлыпты өзіңіз ашып кірдіңіз?

— Ашық болатын.

— Сіз үй иесі кетісімен келгенсіз, сонда кім ашады?

— Үй иесі құлып салуды ұмытып кетуі де мүмкін ғой.

— Бірақ, өз дүниесін өзі ұрлап тығып қоюы мүмкін емес, мойындаңыз! — деді Әділжанов үнін көтеріңкі шығарып.

Жігіттің сазарулы жүзі бүлк етпеді.

— Мені жазықсыз қаралауға правоңыз жоқ, — деді ол қасарысып.

Милиция лейтенанты, лажы құрып, шарасы таусылғандай, орнынан тұрып, бөлме ішін кезіп жүріп кетті. Жігіт, өзінің тағы да үстем шыққанына масаттанғандай, орындықта шалқиып отыр. Бір кезде ол нәтижесіз отырыс жалықтырып жібергендей, қалтасынан сар жолақ қағазды конфет алып, қағазын аршып аузына салды. Асықпай шайнап жей бастады.

Әділжановтың көз қиығы оған еріксіз түсіп тұр еді. «Ісі күдіксіз, сөзі дәлелді, — деп ойлады ол, — арқасын кеңге салып, еркін отыр. Не иненің жасуындай жазығы жоқ күнәсіз жан, не шектен шыққан алаяқ сұм. Екінің бірі».

Жігіт екінші конфетті алып, қағазын есік жаққа лақтырып тастағанда, оның қол қимылын бұқылап тұрған Әділжанов:

— Сіздің жар қолғабыңыз бар емес пе еді, оныңыз қайда? — деді шабуыл тәсілін өзгертіп көргелі.

Жігіттің түсі құбылып кетті.

— Қолғап?

— Ия, қолғап.

— Тағы да не ойлап таппақсыз?

— Әйтседе, сіз қобалжып отырсыз ғой.

— Қобалжып? — деп жігіт сұрланып күлді.

— Көңіліңіздің қобалжуын басқалы конфет жеп отырсыз. Бірақ, есіңізде болсын, бұл сізді құтқармайды. Тек шындықты өз аузыңыздан мойындауыңыз айыбыңызды аз да болса жеңілдетуі мүмкін.

— Қорқытпаңыз, — деп міңгірледі жігіт. — Жазықсыз күймесем керек. Несіне қобалжимын. Конфет жеп жүру өзімнің әдетім еді. Қалтамнан конфет арылып көрген емес.

Әділжанов шабуылын үдетті.

— Қандайын көбірек ұнатасыз? Қазір қандайын жеп отырсыз?

Жігіт кілт мүдіріп қалды. Көмейіне тас тұрғандай, көздері кең ашылып, өңі бозара түсті. Қолы қалтасына қарай жылжыды.

— Қолыңызды тартыңыз! — деп айқайлап жіберді Әділжанов.

Конфетке қолы жетуден қалған жігіт соңғы үмітін есік жаққа тасталған қағаздарға артып еді, оның да септігі аз болды: қағаз-



дың сары жолақ сызықтарынан басқаны көзі айыра алмады.

Оқиғаның енді тез шешілуіне көңілі берік сенген Әділжанов алпыс жетінші үйге телефон соғып:

— Сіздің көмегіңіз қажет боп тұр,— деді дәрігер әйелге.

— Көмегім аяусыз.

— Дүниеңіз түп-түгел ме екен, қайта көріп шықсаңыз.

— Болмашы нәрсе ғана... Қант сауыттағы бірер уыс конфеттен өзгесі...

— Конфет деймісіз?

— Ия, «Алтын кілт» конфеті. Өзгесі түгел.

— Бізге керегі де сол.— деді Әділжанов қуана сөйлеп,— Сіз бізге алтын кілт бердіңіз. Бұл кілтпен біз енді бар сырды ашамыз!

Ол трубканы іліп, жігіттің жанына келді.

— Көне, шығарыңыз «Алтын кілтті!»

Жігіт қарсыласпай, дірілдеген қолдарымен қалтасындағы конфеттерді алып берді. Конфеттерде кішкентай кілттің суреті және «Алтын кілт» деген жазу бар еді.

Әділжанов айтқандай, «Алтын кілт» бар сырды ашуға көмектесті. Жалтарар жайы

қалмаған жігіт бар қылмысын мойындауға мәжбүр болды.


Бұл оқиға былай болған еді.

Жігіт есікті ашады да, құлыпты аула сыртынан асыра лақтырып жібереді. Үйге кіріп, төр бөлмедегі сандықшадан ақша, асыл зат, бағалы бұйымдардың бәрін алады. Оларға стол үстіндегі қант сауыт қосылады. Қант сауытта қос уыстай конфет бар екен, тастауға көзі қимай, оны да қалтасына салып алады.

Жүгін алып кетуге жиналғанда, келе жатқан милиция лейтенанты көрінеді де, ол алғандарын асығыс кровать астына жасырады. Қол таңбасын қалдырмау үшін киіп жүрген жұқа қолғабын шырпы шағып өртеп жібереді. Бұдан кейін ол лейтенанттың ойын адастыру мақсатымен, телефонмен сөйлесу амалын табады. Қонақ үйдегі біреудің фамилиясын атап, паспорт кедергісінен де өтеді. Ал, Еркебаев оның ешқандай танысы болмай шығады.

Ең маңыздысы сол: ол өзінің бұдан бұрынғы қылмыстарын да, сыбайлас жолдастарын да атайды.

С. Баязитов.



Кірпі

Көңілді келе жатқан Асылхан мен Досжан қалың шөптің арасына кіріп алып, шабалана үрген Дозордың даусына жалт қарап, тоқтай қалды. Салпаң құлағын едірейтіп алған Дозор балалардың тоқтағанын көріп, алдында жатқан, былтырдан қалған ескі шөмелеге қарап шабаланып үре түсті. Не екеніне түсінбеген Асылхан мен Досжан ептеп басып шөмеленің қасына келсе, ырылдап айбат шеккен бір анның даусы естіледі.

— Ие, бұл борсық екен, соғып алайық,— деп Асылхан қолындағы жұмыр таяғын оңтайланып тұрды да, Досжан иленіп қалған шөпті көтере бастады.

Дозор да істің ақырын күткендей, көтерілген шөптің астынан көз алмай қарап отыр. Бірақ іс олардың күткенінен басқаша болып шықты. Шөптің астынан кірпінің тұмсығын Асылхан бірден көрді. Ғажап, әшейінде, адамды көрсе қорқып, басын ішіне тығып

домалана қалатын кірпі, қорқудың орнына, ырылдап, бұларға қарап айбат шегеді. Олар ептеп шөпті тағы да көтеріңкіреп еді, ұяда тығылып жатқан кірпінің балалары қимылдап жүре бастады. Екеуінің де кірпі балаларын алғаш көрулері еді. Сондықтан, бұларға кішкентай кірпілер тамаша көрінді. Үстіндегі инелері толық жетіліп болмаған қызыл тұмсық балалары адамнан сескенгендей қызылшақа кішкентай аяқтарын жыбырлатып, жүгірісе қуысқа тығыла бастады. Тамашалап қарап тұрған балаларға ырылдап айбат шеккен ана кірпі адамнан келетін хауіптің жоқ екенін сезгендей, қуысқа тығылған балаларының қасына барып жатты.

Екеуі біраз қарап тұрғаннан кейін, Асылхан мен Досжан кішкентай кірпілерді тоңдырмайық деп шөпті дұрыстап жауып, асыға басып үйлеріне қарай кетті.

Ф. Мифтахов.

Лаула, костер!



Айсыз түн. Аспанда баяу қалқып, толқындай жүзген алашабыр бұлт байқалады. Дәл желкеде қарақшыдай кадалып, үнсіз төнген заңғар таулар бұлттан қара бөрік киіп, сұстана түседі. Үлкен жолдың жисгін бойлап кіші Алматы өзені жатыр. Ол сарылдай, гүрілдей ағып, тау жаңғыртады. Өзен жақтан баяу ескен жұмсақ самал бой сергітеді. Жасыл ағаш, көк шалғынның хош иісі айналанда аңқып тұр.

Табиғаттың осы түні бір қызықтың куәсі болды.

— Эне, қара! Жерге қара! Көкке қара! Жерден жалын атылды! От лаулады. Костер жағылды!

Костер маңы толған жан. Олар от жалынын лаулатып, шырқата ән салып отыр.

Ол — костер әні. Пионерлер әні. Жаз қызығы басталды. Лаула, костер!

Бұл түнде елімізде қанша костер жағылды екен? Санап айту қиын. Бір ғана Алматы маңында ондаған костер оты лаулады. Соның бірі біздің айтқалы отырған «Алма-Арасан» курорты маңындағы пионер лагерінде болды.

«Райпрофсож — 4» пионер лагері жаңа ашылған лагерь емес. Ол өмір сүргелі 20 жылдан астам уақыт болды. Содан бері онда қанша бала тынығып, демалды екен? Қанша бала шынығып, тәрбиеленді екен? Онда алғаш костер отын жаққандар Ұлы Отан соғысына да қатысып, талай ерліктің куәсі де болған шығар. Талайлары кейінгі ұрпақ үшін әртүрлі қызмет істеп, өз арамызда да жүрген болар. Бұл лагерьде тұнғыш тыныққан пионердің баласы да қазір осында демалуға келмегенін қайдан білеміз...

Иә, оқу жылы аяқталуы мұң екен, балалар тағы да өздерінің сүйікті лагеріне жиналды. Алғашқы маусымда 348 бала келді. Оның ішінде Жамбыл, Талдықорған, Алматы облыстарынан келгендер де бар. Эне, олардың бәрі қазір костер маңында ән шырқауда. Мойындарындағы әсем қызыл галстук лаулаған қызыл жалынға ұқсайды. Қуанышпен шаттықтан жүздері нұр жайнайды. Жас балғындардың ойын-күлкісі, шаттық әні тынар емес.

Костер әлі лаулап жатыр. Міне, қызық! Аспанда бұлт қалындап сіркіреп жаңбыр жауды. Су тиген от шытыр-шытыр етеді. Бірақ, пионерлер жаққан костер жауынға да сөнер емес, лаулап жатыр. Лаулай бер!

Бірінші маусымға келгендер жақсы демалды. Олар талай қызықты істерді бастарынан өткерді. Көңілді сейіл-серуен, сәтті жорық, қызықты саяхат! Бәрінен де жаңа достар, жақсы құрбылар. Солармен бірге жүріп, туған өлкенің қиыр-шырың зерттеу, білу. Түрлі жердің түрлі табиғатын аңғарып, оған жиған, терген гербарийлар. Бәрінде де тану бар, іздену мен білу бар. Қандай жақсы!

Пионерлер әуелі лагерь маңындағы «Алма-Арасан» курортына саяхат жасады. Курорттың сұлу жерімен, емдеу көздерімен, дәрігерлік істерімен танысты. Ондағыларға өз күштерімен ойын-сауық қойып, көңілдендіріп қайтты.

Бірінші су-электр станциясы мен Үлкен Алматы көліне екі күндік жорық жасалды. Бұл жорықта пионерлер жақсы шынықты. Кездескен қиыншылықтарды табандылықпен, батыл жеңіп шықты. Бұл жорықта олар



Суретте: Салыков Қуат (сол жақта) Алматы I-станциясындағы № 22 мектептің 6-класс оқушысы Айдарбеков Мұратқа ағашты қалай жону керектігін үйретіп тұр.

станцияның жұмысымен, электр қуатын қалай өндіру жолдарымен танысты. Құрылысшылармен, электршілермен танысып, кеңесіп, олармен достасып алды.

Ал, Екінші су-электр станциясына жасаған саяхатта балалар ондағы құрылысшылардың тоннель жасау техникасымен танысты.

«Қасқабас» және «Мохнатая» — деп аталатын таулардың басына өрледі. Бұл жорықта балалар жергілікті тұрғындармен кенесті. Лагерь бастығы Александр Никитич Богайчук, физкультура жетекшісі Валерий Васильевич Бакин жолдастар да оларға өздері білетін көптеген қызықты әңгімелерін айтты. Пионерлер бұл жорықтардан қайтарда өз мектептеріне көптеген силықтар: түрлі-түрлі өсімдіктер мен тірі жәндіктерден, қатты заттардан құралған коллекциялар мен гербарийлер әкелді. Ертен-ақ олар өздерінің бұл тартулары жөнінде құрбы-достарына әңгімелер айтып береді.

Әрине, қала пионерлерінің ішінде Алматы хайуанаттар паркін көрмегендері санаулы-ақ. Бірақ, демалушылардың арасында басқа облыстардан келген балалар да аз емес еді.

Бір күні олар қаладағы хайуанаттар паркіне саяхат жасау туралы ұсыныс жасады. Мұны лагерь басшылары да, басқа пионерлер де қуаттай кетті. Саяхат жақсы өтті.

— Бұл лагерьді кішкентай спортшылар лагері деп атауға болады, — дейді Александр Никитич. Ол осыны айтты да пионер үйіне кіре беріс сенектің қабырғасына қарады.

Айтса, айтқандай екен. Сенектің екі жақ қабырғасында қатар-қатар ілініп көптеген грамоталар мен дипломдар тұр. Пионер лагерьлерінің қалалық жарысында бұл лагерь жыл сайын бірінші жүлдені алып келеді екен. Футбол, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетика. Міне, спорттың бұл түрлерінің бәрінен лагерь екі жыл қатарымен бірінші орынға ие болыпты.

— Спорттың бұл түрлерінен бірінші орынды биыл да біз аламыз, — дейді физкультура жетекшісі Бакин.

Валерий Васильевич бұл сөзді өте сенімді түрде айтты. Бакиннің өзі — атакты спортшы. Жүгірсе, желдей жүйрік, күрессе, жауырыны жерге тимес палуан, футболшы, волейболшы, баскетболшы... Ол қатыспаған спорт түрі жоқтың қасы. Отан соғысының бұрынғы барлаушысы, белгілі спортшы Бакин жолдас өзінің спорт үлгілерін шәкірттеріне жалықпай үйретуде.

Лагерьде бірнеше спорт секциясы үзбей жұмыс істейді. Олар футбол, волейбол, баскетбол, туризм, шахмат-дойбы, жеңіл атлетика, т. б. Бұлардың әрқайсысынан екі-үштен арнаулы командалар құрылды. «Өнеркәсіп



Суретте: төменгі класс оқушылары Есіркемесова Рысты мен Бірлібаева Әлішке түскі тамақтарын ішіп отыр.

— Тамақтары тәтті екен, — дейді олар біріне-бірі. Суреттерді түсірген Қ. Нұрғазин.

Аманжол Шамкенов.



КЕЗЕКШІ

Не түсті екен ойына,
Жүзі неге жайнады?
Ернар кенет қолына
Қызыл мата байлады.

«Мен кезекші боламын,
Бүгін үйді таза ғып,
Бәрін жинап қоямын,
Сақтау керек тазалық.»

Деді де ол құлшынып,
Үйдің ішін сыпырды.
Шаршап кейде күрсініп,
Бір отырып, бір тұрды.

Сүртті шаңын шкафтың,
Сүртті шаңын кітаптың,
Орнында тұр барлық зат,
Енді оған кім мін тақсын!

Ең соңында қоқыған
Өз мүлкін де жинады.
Мамасы кеп Ернарға
Жаңа кітап сыйлады.

Қандай жақсы тазалық
Болмас оған кім құмар.
Сен де үйіңді таза ғып,
Кезекші боп сыйлық ал

БОБЕКТЕРГЕ

КОМ ЕКТЕСЕМ МАМАМА

Тамақтан соң ізінше
Ыдысты өзім жуамын.
Сөл ызыңы білінсе,
Шыбындарды қуамын.

Жуа білем еденді,
Шай да қоя аламын.
Үлкенмін ғой мен енді
Күзде оқуға барамын.

Мамама ылғи болысқым
Кеп тұрады әрдайым.
Мен істеймін жұмыстың
Болса дағы қандайын!

ҚИҚАР БАЛА

Көршімізде бір қызық
Қиқар деген бала бар.
Кейде еріксіз күлгізіп,
Әзіңді кеп жағалар.

Қайда барса мамасы,
Қалмайды бір соңынан.
Томпаңдауын қарашы,
Доп түспейді қолынан,

Тамақ келсе бұрқырап,
Одан көзін жазбайды.
Әрқайсысын бір сұрап
Күйіп қала жаздайды.



МЕН ДЕ КЕСТЕ ТІГЕМІН

Мамам кесте тігеді,
Мен де кесте тігемін.
Мамам маған күледі,
Мен де бірге күлемін.

— Кесте тіге біл,— деді.
Отырғызып қасына.
Ұстай алмай инені,
Әлек болғам расында.

Сол инені аптығып,
Саусағыма шаншып ап,
Тастаушы едім пақтырып,
Көзімнен жас тамшылап.

Енді өйтпеймін, оны енді
Үйрендім мен ақыры.
Әдемі боп келеді
Мамамның «Үш батыры».

Бітіруге жақынмын
Мен де «Ала мысықты.»
Күнді үйде батырдым,
Қараңғылық түсіпті.

Шақырса да Ернар кеп,
Шықпадым мен далаға.
Ойнап кетсем елбеңдеп,
Кесте тігіп бола ма!!

кооперациясының» лагерімен спорттық кездесулерде бұлар сан рет жеңістерге жетті.

Алматы I-станциясындағы № 21 мектептің 7-класс оқушысы Дурманов Алик өткен жылы пионер лагерьлерінің қалалық жарысында 60 метр қашықтыққа жүгіруде бірінші орын алды. Алик өзінің сүйікті лагеріне биыл да демалуға келді. Кішкентай чемпион өзі сүйген спорт түрі — жеңіл атлетикамен үзбей жаттығып жүреді.


Лагерьде он саусағынан өнер таматын шебер қолдар да аз емес. Лагерь биыл ашылған кезде онда ешқандай мастерской жоқ еді. Ұсталық істердің бәрінен хабары мол Садықов Қуаттың инициативасымен лагерьде мастерской құрылды. Оның өзі қаладағы № 51 мектепте VII класта оқиды. Бірақ, ұсталық өнерден басқаларға ол ұстаз. Ұста-

ларды, факелдерді, тағы басқаларын өздері жасап алды.

лық, слесарьлық үйірмелердің, радио үйірмесінің жұмыстарын ол басқарады. Балалар көптеген қажетті құрал-саймандарды, тумбочкаларды, гербарийлерге арналған папка-Лагерь пионерлері Ұлы Октябрьдің 40 жылдық мерекесіне де қызу әзірленді. Өздерінің қолөнерлерінен мерекеге арнап пионерлік силықтар жасады. «Ұлы Октябрьдің 40 жылдығы», «Халықтар достығы» деген тақырыптарға дружина жиындары өткізіледі.

«Райпрофсоюз — 4» пионер лагерінде биылғы жазда 1300-ден астам пионерлер демалады. Олар өз демалыстарын қызықты да мазмұнды өткізуде.

Р. Ыдырысов.



ХАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ

ӘҢГІМЕ

Аспанды жапқан қара бұлт бір орында сіресіп тұрып алып, күн батар-батпаста төңіректі қараңғылап жіберді. Алты ай қыста кеткен есесін көктемде қайырғысы келгендей, қара жаңбырды шелектеп төгеді. Қатты тасыған Есілдің гүрілі осы жаңбырдың суылы қосылғанда тіпті күшейіп кеткен! Түнерген, тым қорқынышты. Адамның басы айналғандай. Жауыннан қорғанып шекпенімнің жалбағайын көтеріп алған мен «Япыр-ау, жападан жалғыз қалай өттім?!» деп өзіме-өзім таңданғандай, секунд сайын қайықты аударып жіберу хаупі бар қатты тасқынға үрейлене қарап тұрдым. Өзімді әлгінде ғана өзеннен өткізіп, енді ағыс ыңғайына шоршаңдап жұлқынған шағын қайығымның тұмсығына байланған шынжырын қолымнан босатпай жағаға тартып шығардым да, жуан қазыққа екі-үш орап бекітіп тастадым.

Резинка етігімді, иликпей қалған шекпенімді сенекте шешіп қалдырып, үйге жалаң аяқ енгенімді көргенде, ауыз үйде жүрген анам:

— Жаным-ау, суға құлағаннан амансың ба?! Ойпыр-ай, осы бей уақытта өзеннен қайтып өттің?! — деді таңданғандай даусын соза түсіп, — қорықпадың ба?

— Несіне қорқамын, — дедім мен өзімнің «батырлығымды» білдірмек боп. Дегенмен, қалтамнан жасыл жиекті үлкен орамалымды алып бетімнің, мойнымның, қолымның суын сүртіп тұрып, — ағыс өте қатты екен, — деп шаршағандығымды да аңғартып қойдым.

— Түу, сонша жаныңды қинап!... Бригада басына қона қалсаң да болатын еді ғой... Ертең ертемен өтпейтін бе едің бері!.. Әкеңде де ес шамалы ғой, сені жалғыз жіберіп...

Мен көкемді ақтай бастадым:

— Көкем айтты... Бірақ өзім... Сабағым бар ғой әлі дайындайтын.

Апамның қорасан дағы болар-болмас білініп тұратын қоңырқай жүзіне күлімдей қарап, екі терезенің аралығындағы стол басына келіп отырдым. Жылы ұйықты аяғыма тартқылап киіп жатып:

— Қарным ашты, апа... Айран бар ма? — дедім ерке үнмен.

...Сыртта сатырлатып терезені сабаған жаңбыр дыбысына құлағымды тіге отырып тәтті айран мен ақ нанға тойып алған соң шаршағаным тарап, көңілдене қағаз-қаламымды столға жайдым.

Столдағы ыдыстарды жинастырған апам бір шаруасымен далаға шығып кетті. Әлден соң апамның қатты-қатты айқайлаған даусын естіп елең ете қалдым. Артынша апамның өзі де асыға үйге енді. Үсті-басы су...

— Қабдөшжан! — деді алқынып.

Әлденені сезгендей жүрегім лүпілдей ұйытқып кетті. Неге екенін өзім де сезбей, орнымнан атып тұрып:

— Ол не, апа? — дедім жұлып алғандай қадалып.

— Қайығы суға батқан... Өзенде кетіп... айқайлады...

Апам әбігерлене қолдарын ербеңдетті. Мен қайтерімді білмей аңырып қалған едім, апамның: «Апат болады-ау бәрі» деп қинала сөйлегені жүрегіме біреу түйіп жібергендей тулата жөнелді. Денем шымыр етті. Тап қазір өзімнен басқа көмекке барар ешкім жоғын, үлкендердің біріне барам деп жүргенде өзен бетіндегілердің өмірі қыл үстінде болатындығын түсінген мен тұра ұмтылдым. Ақселдей көлкіген суды шалпылдатып ұшып келемін... Ескекті ішіне тастай беріп қайықты байлауынан босаттым да, секіріп міндім. Ағын іле жөнелген қайыққа ебедейсіз отырып, жылдамдығын арттыру үшін, бәйге атының екі бүйіріне сабалағандай ес-

кекті екі жаққа кезек сермеп бар күшіммен есудемін. Қорқынышты өзен гүрілінен даусымды асырмақ боп ауық-ауық айқайлап келем... Бірқауым мезгіл өтті. Еш дыбыс жоқ. Өзеннің сарылы, жаңбырдың суылы. Төңірек иықтан басып түнеріп тұр. Толқын ұрған қайық зымырап келеді. Суға батқандар жарығын көрер ме екен деп, қалта фонарын жағып, шекпенімнің кеуде тұсына іліп қойдым... Уақыт өтіп барады.

Ендігі батып кеткен болар деген ой келді басыма. Көз алдыма әлдекімдердің суға бір батып, бір шығып жанталасып жүргендері елестеп кетті. Тұла бойым түршікті...

...Енді күдер үзіп, кейін бұрыла бере соңғы рет шырқата айқайлап едім, өзеннің ағыны мен жаңбыр дыбысынан тұншыға әлсіреп жеткен дауыс естілді... Шырқата тағы да айқайлап-айқайлап жібердім. Сәл сабыр тұтып тың тыңдағанымда үш-төрт дауыс қосыла шуылдағаны анық естілді. Жалма-жан фонарымды алып басымнан асыра былғап, жарқылдатып-жарқылдатып қойдым. Көмекке қуып келе жатқанымды білдіріп, жігерленсін деген оймен айқайды үдеттім... Өз бойыма да жігер пайда болып кетті. Әлгінде ғана ауырлай бастаған ескек енді өзі сермелетін сияқты, жеп-жеңіл. Қайық та алға зулай түсті. Жүрегім алып-ұшып келеді.

Бір кезде өзен бетін кезген фонарь жарығынан су бетінде қараңдаған аумақты нәрсе көрініп қалды. Қайықты тура бағыттап, әрі-беріден соң қуып та жеттім. «Суға кеткен тал қармайды» — дегендей, төңкерілген үлкен қайықтың жиегінен жабыса ұстап, судан бастары ғана қылтиған үш адам ағып кетіп барады...

— Қатарласамын... Бәрің жабыспаңдар... Біреу ғана, — деп ескерте дауыстадым. Үшеуі бірдей жармасса, қайық не аударылып, не батып кетер деген хауіпті оймен. Менің даусымды естіген біреу:

— Айналайын-ау, мынау бала ғой өзі, құлдық кетейін-ай! — деді тісі-тісіне тимей қалтырай шыққан қуанышты дауыспен.

— Кім де болса жетті ғой, әйтеуір!.. Алды ғой арашалап ажалдан! — деп, екінші біреу қуана айқайлады. Оның жаурауы бастапқы кісіден гөрі аздау болса керек, даусы нықтау шықты. Мен оң жақтан қол ұсыным жанасалай киліктім. Бастапқы сөйлеген кісі суда денесін жартылай бұрып, әуелі бір қолымен, сонан соң екінші қолымен шап беріп жиегінен ұстай алғанда кішкене қайығым қатты шайқалып кетті. Үсті-басыма су шашырады. Ауып кете жаздап:

— Ақырын... ақырын... Жұлқымаңыз, төңкересіз, — деп абдырап қалдым.

Қайық түзелген кезде жармасқанның қолтығынан алып, қасындағы жолдасы демеп жіберді. Мен кейіндеу ысырылып отырдым. Үсті-басы шылқылдап су болған кісі қайықтың алдыңғы жағына әрең мінді... Фонарымның жарығын туралап түсіріп, қарт адамды көрдім. Әбден жаураған, дір-дір етеді. Соған қарамастан қария бұрылып жолдастарына қалтыраған қолын созды.

— Шымырбай, кел, — дегенді ол үзіп-үзіп айтты. Шымырбай аталған үлкен жалбағайлы шекпен киген, кең жауырынды жігіт қайыққа ұмтыла бергенде:

— Жо-жо-жоқ! — деп безек қақтым мен. Бәрімізді көтере алмайды қайық... батып кетеміз. Болмайды.

Жігіт бөгеле берді. Қария:

— Қой, батпас, көтерер, — деп көріп еді, мен көнбеген соң, — ойпыр-ай, енді қайтік? Қиын болды ғой! — деді қынжыла.

— Мен сізді жағаға шығарып, қайтып ораламын.

— Қарағым-ау, оныға қалай төземіз... Сіңірімізді онсыз да созып біттік, — деді төңкерілген қайықтың арғы жағындағы кісі қалжыраған үнмен.

Дөңкіп төңкерілген қайықпен таласқандай қатарласа жүзіп келе жатқан өзімнің кішкене қайығыма тағы қарадым. Екі кісінің салмағының өзі-ақ жеткілікті сияқты. Қайық кемері судан сынық сүйем ғана асып тұр. Зорлағанмен не шығады?

— Болмайды ғой... Аз аялдаңыздар, мен қазір-ақ, — дедім, жаным қаншама ашығанмен амалсыз.

— Жоқ, тұра тұр... Төлеген дұрыс айтады: сен жарты сағаттан беріде орала алмайсың, — деді шекпенді жігіт.

— Он-ақ минут.

— Мүмкін емес... Хал азайды. Бес минуттан соң бізді өзен түбінен іздерсің... уақыт алдырмайық. Алпекең біздің қайықтың тұмсық шынжырынан ұстап отырсын. Біз аяқ қолымызбен демейік. Сен жағаға тарт.

Ұсыныс көкейге қона кетті. Шекпенді жігіт төңкерулі қайықтың суға салбырап былғаңдаған тұмсық шынжырын іліп алып қарияға ұсынды. Мен ескекті қайығымның сол жақ алдын орай суға салдым. Білегім талса да, сыр бергем жоқ, жүрегім алып-ұшып бойымды қуаныш кернеп кеткен еді...

Естай Мырзахметов.

Солтүстік Қазақстан облысы.



БӘҒРАМ

— Ана балақайдың аты кім? — деп сұрадым Мұраттан шатырлы үйдің алдында кітап оқып отырған ақсары баланы көрсетіп.

— Е, ол өтірікші Бәһрам ғой, — деді ол.

— Неге олай дейсіңдер?

— Өзінен барып сұраныз.

Аяндап Бәһрамның қасына келдім.

— Бәһрам, сені неге жұрт өтірікші дейді?

— Білмеймін, — деді Бәһрам ұялыңқырап.

— Нешінші класста оқисың?

— Оныншы класста.

— Нешедесің?

— Тоғыздамын.

Бәһрам өтірікті ойланбай-ақ соғып жіберді.

— Қойсаншы, Бәһрам, сені екінші класта оқиды дейді ғой.

— Солайы солай ғой. Бірақ, мен оныншы класс оқитын класта оқимын дегем жоқ па?

Р. Тоқтаров.

ҚАЛАМҰШТЫҢ БАҒАСЫ

Сабақ үстінде мұғалім кейбір балалардың қарындашпен жазып отырғанын байқады да:

— Балалар, — деді Елеместің қарындашын қолына алып, — мұндай қарындашпен жазуға болмайды. Дүкенде мектеп оқушыларына арналған қаламұш сатылып жатыр. Біреуі бес тиын тұрады. Сатып алыңдар.

Арада бірнеше күн өтті. Елемес те, басқа балалар да жаңа қаламұш сатып алды. Бір күні мұғалім арифметика сабағында оқушыларға:

— Отыз қаламұш екі сом он тиын тұрады, сондай үш қаламұш неше тиыннан тұрады? — деді. Мұғалім сөзін аяқтап болысымен Елемес қолын лып еткізіп көтере қойды. Ол шыдамсызданып, басқа біреу айтып қоя

ма деген қызғанышпен жан-жағына қарап, қолын тынымсыз ербедете берді.

— Айта ғой, — деді мұғалім Елемеске. Қуанып кеткен Елемес орнынан ұшып тұрып:

— Он бес тиын тұрады, — деді танауы едірейіп.

— Оны қалай білдің?

— Бір қаламұш бес тиын тұрады. Үш қаламұш қанша тұратынын білу үшін үш пен бесті көбейттім.

— Бір қаламұштың бес тиын тұратынын қайдан білдің?

— Әнеүгүні өзіңіз бір қаламұштың бес тиын тұратынын айтқан едіңіз ғой, — деді ойланбай.

Балалар ду күлді.

Жамбыл облысы.

Қ. Тұрғанов.

МҰҚАШТЫҢ ЖАУАБЫ

Жаңа ғана қылтиып өсіп келе жатқан көмірдей қара шашын ұзын саусағымен қайта-қайта сипалап, Мұқаш іштей қатты қобалжуда. Емтихан билетіндегі сұрақты біресе оқиды, біресе әлденені ойлаған болып терезе жаққа көз жібереді. Қайтседе бұл сұрақтың жауабы есіне түспей-ақ қойды.

Кезегі келген соң Мұқаш мұғалімнің алдына келіп, түрегеп тұрып билетіндегі сұрақты оқыды. Мұғалім үнсіз ғана тындап отыр. Мұқаш тілі күрмелгендей бір-екі ауыз бірденені айтты да:

— Қысқарта айтқанда осы, — деді.

«Көп-ақ біледі екен, бірақ әдейі қысқарта айтып тұр екен» деп ойласын деген Мұқаштың қулығын мұғалім сезе қойды.

— Мен асығып отырғаным жоқ, бар білгенінді қысқартпай-ақ айта бер, — деді ол.

Мұқаш көзін жыпылықтатып, бір иығын сәл көтеріп қойып:

— Бар білгенімнің өзі осы еді, — деп енді шынын айтты.

М. Дүйсенов.



МҰСА ЖӘЛИЛ

«Дана Маркс туған елі сен бе едің,
Сенбісің бұл отты Шиллер отаны?
Тұтқиылда тұтқын болып мен келдім,
Әкелді де «кұл» деп неміс атады.
...Араңызда Цеткин ұлы кім едің,
Ер Тельманның жігіттері қайсыңыз.
Есітіңіз ұлы әділет сөздерін,
Біздер жатқан түрмелерді ашыңыз»

Бұл өлең жолдарын татар халқының жалынды патриот ақыны Мұса Жәлил Германияда Моабит түрмесінде стырып жазған болатын. Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінің бірінде қапылыста неміс басқыншыларының қолына түскен коммунист ақын өмірнің соңғы минутына дейін өзі туған Советтік Отанына деген ыстық махаббатына кір шалдырған жоқ. Күреспен бастаған өмірін күреспен аяқтады. Өлім сағаты жақын екенін сезсе де түрмеде отырып ақын Советтік Отанға, елге деген сүйіспеншілікке толы өлеңдер жазды.

Ақынның жалынды жырлары жазылған кішкене қойын дәптерді өзімен Моабит түрмесінде бірге болған Белгиялық патриот Андре Тиммерманс деген кісі соғыс біткен соң Белгиядағы совет елшісіне табыс етеді.

Мұса Жәлил жазған бұл қанатты жырларды бүкіл совет халқы сүйіп оқуда.

Өйткені, мұнда Отанын шексіз сүйген ақынның осындай сарқылмас күшке толы Моабит түрмесіндегі жазылған ақын жырларына биыл Лениндік сыйлық берілді.

Қапылыста жау қолына түспес бұрын Мұса туған жерде қалған сүйген жары Әмина Жәлилге жазған соңғы хатында: «Патриоттық үлкен сезім, қоғамдық орнында толық түсіну жеке бастың қамын ойлауды жоққа шығарады...

...Өлген күнде де халық жүрегінде сақталсаң өзің-



ді өлгенге теңемес едің. Өлген күнде де өмір сүру үшін күресу — негізгі мақсат болу керек» — деп жазған еді. Ақын өзінің сол мақсатын орындап шықты. Жау қолында ерлікпен қаза тапқан патриот ақынға Совет Одағының Батыры деген атақ берілді.

Мұса Жәлилдің адам жанына өшпес қуат беретін отты жырлары Совет Одағындағы туысқан халықтардың тілдеріне түгелдей дерлік аударылды. Міне, өлгеннен кейін де өмір сүру керек деген ақын арманы орындалды. Мұса Жәлилдің жарқын бейнесі халық жүрегінде мәңгі сақталмақ. Өйткені, оның ерлігі жырға, жырлары әдебиетіміздің алтын қорына қосылды.

Т. Молдағалиев.

ЖАҢА КІТАПТАР

„БАЛЫҚШЫ ИВАН“

Жақында Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы ақын Ғафу Қайырбековтың балаларға арналған шағын поэмаларын «Балықшы Иван» деген атпен жеке кітап етіп басып шығарды.

Жинаққа кірген үш поэманың көлемі жағынан да, көркемдігі жағынан да ерекше көзге түсетіні «Балықшы Иван» поэмасы. Бұл поэма «Пионер» журналының өткен жылы шыққан 8-санында жарияланған. Мұнда ауыл балаларының жаз күндері орыс қарты Иванмен бірге Торғай өзенінен балық аулауы, қарт Иванмен қазақ балаларының достығы суреттеледі.

«Байқосақтың егіні» деген поэмада Байқосақ деген ауыл қартының қазақ даласына тұңғыш егін егуі, балаларды еңбекке баулуы әңгімеленеді. Поэманың көлемі шағын, тілі жатық.

Жинақтың ішіндегі қызықты поэманың бірі — «Ақсордағы село» атты поэма. Бұл поэмада революциядан бұрын көшпелі қазақ ауылдарын отырықшылдық-



қа үгіттеген қазақ халқының демократ ақыны Мұхамеджан Сералиннің өмірінің бір көзеңі суреттеледі.

Жалғыз түйесіне бар жүгін артып алып шөбі шүйгін жер іздеп ауыр тұрмыстың азабын көрген қазақ ауылдарын орысша сауаты бар Мұхамеджан отырықшылыққа шақырады. Бір ауыл Ақсор деген жерге үйлер салады. Егіншілікпен айналысады. Өз ойының іске аса бастағанын көрген Мұхамеджан Сералиннің ішкі дүниесіндегі жан қуанышын ақын әдемі де, әсерлі баяндайды.

«Тұр бір адам. Үйінің
Төбесінде ерке күн.
Жұқа желең киімнің
Жел серпиді етегін.
Күлімдейді ол, сәл жүдеу
Жүзіне нұр шағылып.
Кеңілінде зор медеу
Арман тынды, жанды үміт»

Бұл кітап қазір республикамыздың барлық кітап дүкендерінде сатыла бастады. Балалар, сендер де мұны сатып алып өз кітапханаларыңның қорына кіргізіңдер.



ӘНГІМЕ

Есен көбелек қуып келе жатыр еді, күтпеген жерден өзінен ересектеу бір топ балаларға кездесіп қалды. Олар дабырлап сөйлеген қалпы сарайды айнала жүгіріп кетті. Есен де солардың соңынан тартты. Өйткені, аналардың шуылдасып қалғаны кішкентай Есенге қызық көрініп кетті.

Есен келгенде олар бұрышта шоғырланып тұр екен. Әрқайсысының қолында бір-бір кішкене айнасы бар. Көршінің байлаулы тұрған иті бұларға арсылдап үрудің орнына еркелеп, көзін сата қарайды. Балалар итке нан тастап қояды.

Енді олар айналарымен шағылыстырып иттің көзіне жарық түсірді. Ит жалтарып қашса, қайта шақырады. Және жарықты шоғырландырады. Есен балалардың жанына келіп біраз қарап тұрады. Енді ол да қызығып кетті.

— Айнаңды берші, мен де көрейін? — деді Есен Әли деген балаға тамсанып. Ол айнасын беріп тұрып, Есен шағылыстырып үлгергенше қайта жұлып алды.

— Бере тұршы, көрейін!

— Өзің тауып ал керек болса.

Енді Есен зорлық жасамақ болып Әлидің қолындағы айнаға жабыса кетті. Бірақ, Әлидің жасы үлкен еді. Есеннен айнасын жұлып алып:

— Керек болса, өзің тауып ал дедім ғой саған! — деді қатуланып.

— Сен айнаны қайдан алдың? — деп сұрады Есен жыламсырап.

— Мен үйімнен алдым.

— Үйімнен алдым деймісің? Апаң берді ме?

— Иә, сұрап алдым.

Есен апасынан айна сұрап алмақ болып үйге қарай жүгіріп кетті. Ол кіргенде бөлме ішінде ешкім жоқ еді. Әкесі қора жақта бірденені такылдатып шегелеп жатыр. Өзі көрінбейді, тек дыбысы естіледі. Анасының қызметке кеткені Есеннің есіне жаңа түсті.

— Енді айнаны кімнен сұрап алам! — деді ол анырып. Бірақ, осы сәтте әкесінің қордан жөтелген дыбысы тағы да құлағына келді. Есен солай қарай жүгірді.

— Айна беріңізші! — деді ол орындық шегелеп жатқан әкесінің жанына келіп баяу үнмен.

— Оны қайтесің, қарашығым? — деп әкесі ұлына бір сөз тастап қойды.

— Керек еді, папа.

— Үйден қарасаншы өзін. Менің қолым тимей жатыр. — деді әкесі селқос. Есен үйге кіріп келді де, стол үстіне шығып, газеттің бір бетіндей сүйеулі тұрған шар айнаны әзер дегенде жерге алды. Қолтықтап далаға көтеріп шықпақшы болып еді, шамасы келмеді.

Абыржыған ол айнаны табалдырыққа сүйей салып, «Үлкен айнаға қызығып балалар тартып алар, онан да шетінен кішкене ғана сындырып алайын» деген оймен бөлмедегі шкафты ашып кішкене балғаны қолына алды. Балғаны сәл жоғары көтеріп тұрып, айнаның шетіне салмағымен тастап жіберіп еді, айна бес-алты бөлініп кетті. Осы сәтте жұмысын бітірген әкесі есіктен кіріп келді де:

— Бұл не, балам! — деді таңданып, — Шетінен кішкентай ғана сындырып алайын деген едім, — деп Есен жүзін төмен салып өксіп-өксіп жылады.

М. Етекбаев.



ЕЛУДІҢ ӨРІНДЕ



Өлжаппар Әбішев

... Отан соғысының отты күндері. 1943 жылдың жазы. Бірде Сабыр Нұрманов қызмет етіп жүрген корпус Н. қаласынан немістерді қуып шығуға майдан қолбасшысынан бұйрық алады.

Танкистер қазылған ор, атылған оққа қарамастан, майдан шебін бұзып өтіп, жаудың тыртынан шығады. Гит-

лершілер совет танкистерінің мұншама батыл шабуылын күтпеген еді. Олардың екпінді қысымына шыдай алмай, қаланы тастай қашады. Бірақ, осы кезде гитлершілер екінші бір қаладан совет танкистеріне қарсы қалың күш төгеді. Ұрыс қыза түседі. Гитлершілердің күші қаншама басым болғанмен совет жауынгерлері қайтпай, батыл соғысады. Асқан ерлік көрсетіп, жаудың қоршауын бұзып шығады.

Осы бір айқас үстінде Сабырдың танкі өртеніп, аяғы сынып, бет-аузы күйіп ауыр жараланады. Ол жолдастарынан адасып, немістер басып алған жерде қалып қояды. Бес күн аштық, бес күн өлім мен өмір арасында арпалысқан Сабыр шағын бір орманның арасына келгенде талып кетеді. Міне, осы арада ол орыс баласы Сергейге кездеседі...

...Манадан бері бұл әңгімені естеріңе түсіріп те отырған шығарсындар? Бұл өздеріңнің осы журналдарында бір кезде «Әке мен бала» деген атпен, кейіннен жинақта «Аға мен іні» деген атпен жарияланған әңгіменің алғашқы оқиғалары еді. Мұнан кейін Сабыр мен Сергейдің майдандағы берік достығы, ерлік істері баяндалады. Ақыры оларды соғыс біткеннен кейін Алматыдан кездестіреміз. Осы әңгімені сендер талай рет қызыға оқып, Сабыр мен Сергейдің достығы мен ерліктеріне сүйсіндіңдер де. Оны оқыған сайын сол әңгіменің авторына алғыс сезімін де білдірдіңдер. Ол биыл 50 жасқа келді.

Жазушы Әлжаппар Әбішев бұдан жиырма бес жыл бұрын Қарағанды көмір кенінде қайнаған еңбектің арасында жүріп әңгіме, очерктер жаза бастады. Оның 1936 жылы шыққан «Завал» деген әңгімелер жинағы оқушы жұртшылықтың назарын бірден аударды. Оның талантты, келешегі мол жазушы екенін байқады. Мұнан кейінгі «Армансызлар» атты повесті, «Жас түлектер» атты романы, көптеген әңгімелері оны қазақ совет әдебиеті қайраткерлерінің бірі етіп, оқушылар құрметіне бөледі.

Әлжаппар Әбішев бір жағынан драматург. Оның қаламынан «Совет қызы», «Намыс гвардиясы», «Отан үшін» деген көптеген пьесалар шықты. Осылардың ішінде «Достық пен махаббат» атты пьесасы бірнеше жылдан бері Қазақтың Мемлекеттік Еңбек Қызыл Ту орденді драма театры сахнасында қойылып келеді. Жазушының әр шығармасынан біз бүгінгі күннің өкілдерін көреміз.

Елудің өріне шыққан көрнекті жазушыға әрбір оқушы, пионер бүгін қуаныш үстінде: «Әлжаппар аға, жазыңыз, көп жаза түсіңіз, бірақ біз үшін жазуды да ұмытпаңыз», — дейді.

Сансызбай Сарғасқаев.



Ғали Орманов

... Міне, біздің алдымызда «Бөбек жүрегі» атты шағын өлең кітапша жатыр. Оны біз талай-талай оқығанбыз. Жақсы көріп жатпап алған өлеңдеріміз де аз емес. Жүрекке қонып, ойға үйіріле кететін ақынның жеңіл тілі бізге сол өлеңдердің тез жатталуына көмектескендей еді.

«Бөбек жүрегі» атты шағын дастанның сюжетін еске түсіріп көрейікші. Мұнда ақын Ұлы Отан соғысы кезінде жау тонап, түгін қалдырмай кеткен жерде Ленин суретін сақтаған бөбектің адал, патриот жүрегін жырлайтын еді ғой. Я, оның аты — Мария болатын. Ұмытылмайтын үрейлі күндерде, тұнжыраған қорқынышты ұзақ түндерде Ленин суреті Мариямен бірге болады. Жас патриот қыз көсем суретінен қажығанда қуат алады, оны өзіне медеу санайды. Мария қажыса, Отанын, елін сағынса, сурет оған: «Сағынғаның келеді, сабыр ет, шыда» дейді, жетімсіреп жабырқаса, «жасыма» деп көңілін аулайды.

Сол күндерде бұл жетімге
Көз салған жоқ аяп адам.
Сонда Ленин суретіне
Сөби жаны саялаған.—

дейді автор.

Қазір Қазақстанның көрнекті ақындарының бірі — Ғали Ормановтың өзі 50 жасқа келіп, оның творчестволық қызметіне 25 жыл толған күні совет балалары ақынның олардың бақытты болашағы жолында еткен елеулі қызметін атамай өте алмайды. Өзінің ақындық жолында Ғали жас ұрпақтарды коммунистік рұхта тәрбиелейтін тамаша-тамаша шығармалар жазды.

Ғали Орманов әдебиетке жиырма бес жылдардың аяқ шені мен отызыншы жылдардың бас кезінде келді. Ақынның алғашқы өлеңдері жас социализм елінің бірінші бесжылдықта қолы жеткен табыстарын жырлауға арналды. Оның «Шеңбер», «Шәуілдір» атты өлең-поэмалары осы тұста басылды. Сонымен бірге, Ғали ол кезде совет адамдарының жаңаша тұрмысы мен творчестволық еңбегін көрсететін көптеген очерк, әңгімелер жазды.

Ғалидың творчестволық жағынан есейіп өскен кезі — Ұлы Отан соғысы дәуірі деуге болады. Бұл жылдары жазған «Халық — қаһарман», «Емен» жинақтарында автор совет адамдарының соғыс кезіндегі сезімін, майдандағы батырлық пен елдегі ерлік еңбекті поэзия тілінде шебер жырлады. Сонымен бірге ақын аз айтып, көп мағна бере алатын, ойға бай, сөзге сараң тапқырлығын танытты. Ғалиды қазіргі оқушы «Лириканың шебері» деп таныса, осы танылудың өзі ақын творчествосында осы кезде-ақ айқындала түскен еді. Даурықпа, лепірме сөзді жаны сүймейтін, нәзік үнді, сырлы, лирик ақын содан бері оқушыға қазақ әдебиетіндегі өзіне тән орнымен, құнды поэзиясымен қымбат саналады.

Серік Қирабаев.



ДАЛА КЕМЕСІНІҢ КАПИТАНЫ

(Балалық шағым туралы әңгіме)

8—9 жасым. Жазда Арал теңізінің жағалауындағы «Бөген» балық зауытынан ауылға оралған кезім болатын. Ауылда егін орағы басталыпты. Егіс бригадасының бригадирі бір күні кешқұрым салт атпен біздің үйге түсті де, менің егін жинауға көмектесуімді өтінді. Бұған әкем де, шешем де келісті. Ертеңінде күн шыға тұрдым да, бригадирдің атына мінгесіп, қос басына кеттім. Алды-артыма көз жіберіп келем.

Бір кезде жұлып алғандай:

— Аға, осы мына жазықтың бәрі бидай ма? — дедім бригадирге.

— Я, қарағым, бидай.

— Аға, мұның бәрін қашан жинап боламыз, — дедім тағы да.

— Е, балам, комбайндар тегіс қимылдап кеткенде оншақты күннің ішінде-ақ орып тастайды, — деді сеніммен. Әңгімемен егіс басына қалай жеткенімді білмей қалдым. Бидай сабағының биіктігі менің бойыммен бірдей болмаса, кем түсер емес. Егін басындағы ақ үйлер мені қызықтыра түсті. Қазқатар тізілген үйлерді көргенде бейне ауылдың бір бөлегі осында көшіп келгендей

сезіндім. Бригадир мені ортадағы бір үйге әкеліп түсірді. Үй иелері мені танып ауылдың амандығын сұрасты.

Мен бұлардың ешқайсысын да танымадым. Бұл үйде менен басқа 11 бала бар екен, менімен 12 болды.

— Енді ешкімнің керегі жоқ, шырағым, үйіміз тар, осыларды жақсылап күтсем де жетер, — деп үй иесі бригадирге өтініш айтып жатыр. Мен балалармен тез-ақ шүйір-келесіп кеттім. Кеш түсті, барлығымызға үй иесі төрге төсек салып берді. Біз өзіміз білетін қызық ертеңдерімізді кезекпен айтысып жатып ұйқтап кетіппіз. Мен қатты ұйқтап кеткен екем, біреу нығымнан тартып:

— Бала, тұр, ұйқтап болған шығарсың, күн шығып кетті. Енді түс кезінде ұйқтайсың, — деп оятып жіберді. Көзімді ашып жан-жағыма қарасам, қасымда ешкім қалмапты. Жолдастарымның бәрі жуынып, тамаққа отырғалы жатыр. Мен де дереу киініп, жуынып жолдастарыммен бірге тамаққа отырдым. Тамақтанып болысымен егіске бет алдық.

Кеше бригадир әңгіме қылған алып комбайнды көруге асықтым. Комбайн маған Аралдағы кемелер сияқты болып елестейді. Егіске келген соң жолдастарыммен бірге қол орақпен бидай оруға кірістім. Бірақ, жолдастарымның бәрі менен озып кетті. Мен қанша тырыссам да, жолдастарыма жете алмадым. Олар өздеріне берілген участокті орып бітіп, маған көмекке келді. «Ештеңе етпейді, үйреніп алған соң сен де жақсы орасың» — деп мені жұбатпақ болады.

Бәріміз де өз участоктерімізді бітірдік. Мен:

— Балалар, мені комбайнға ертіп апарыңдаршы, көрейін, — дедім. Бәрі де өтінішімді құп алды. Комбайн жүрген жаққа бет алдық. Егіс алқабындағы жұмысшылардың бәрі тамаққа шықса да, комбайн жұмыс істеп жүр. Өзі де достарымның айтқанындай бар екен. Бидайды орып жинап көмейіне тығып жатыр, тұла бойында кимылдамайтын жері жоқ. Бір жақтан суылдаған дән құйылып жатса, екінші жақта сабан топаны төгіліп жатыр. Комбайн жүргізуші бейне бір кемелің капитаны сияқты алдынан көз жазбайды, қолына ұстаған штурвальды бір жоғары, бір төмен бұрап тұр. Нағыз капитан! Біраз тамашалап көрдік те, үйге оралдық. Тамактанып, салқын түсе егіске кеттік. Мен енді күн сайын комбайнға бір барып қайтуды әдет еттім.

Ендігі ойым — осы комбайнның үстіне шығу. Бақытыма бір күні жаңбыр жаумасы бар ма? Жүгіріп ала жөнелдім. Келсем комбайнер комбайнын сүртіп жүр екен. Сәлем бердім де:

— Аға, комбайныңыздың үстіне мінгізіңізші! — деп өтіндім. Комбайнер кісі менің аты-жөнімді сұрастырып:

— Бұрын сен комбайнға мінген жоқ па едің?

— Жоқ, мен теңіз жағалауында болдым. Онда үлкен кемелерді ғана көрдім, — деп шынымды айттым.

— Ендеше, бұл — дала кемесі, мініп көр, бірақ, еш жерін ұстап бұрама, — деді. Қуанып кеттім. Жоғары созылған баспалдақпен жүгіріп ала жөнелдім. Комбайнның үстіне шығып біраз тұрдым. Айнала тегіс көрінеді. Қайта түстім де, комбайнерге рақмет айттым.

Мен содан бастап су кемесі емес, дала кемесінің капитаны болуды көкседім. Осы арманмен 7 жылдық мектепті бітіріп, механизация мектебіне түстім. 6 айдан кейін мектепті бітіріп, дала кемесінің капитаны болып шықтым. Әр уақытта комбайнның үстіне шыққан сайын көз алдыма сонау кейінде қалған балалық кезім елестейді. Талай жыл арман еткен «комбайнер» деген мамандығым мені еңбек мақтанышына, табыс мақтанышына бөлеуде.

Т. Бәсібеков.

АЛҒАШҚЫ МЕХАНИКАЛЫҚ САҒАТ

Қоғамның, ғылымның дамуы механикалық сағаттарды тудырды.

Бірінші механикалық сағаттың құрылысы мынадай: Кіндікке (вал) оралған жіпке жүк ілгенде сол жүктің салмағының әсерінен вал осінен айналады да, оған бекітілген тісті дөңгелек басқа тісті дөңгелектерді қозғалысқа келтіреді. Ол ақыры тілмен (стрелка) байланысады. Осы негізде жасалған сағаттың алғаш ойлап тапқан адамы әлі де кім екені белгісіз. Алғашқы механикалық сағаттың бір кемшілігі оның көлемінің өте зор, ыңғайсыз болуы еді. Олар көбіне үлкен үйлердің, храмдардың күмбездеріне орнатылды.

Сол алғашқы механикалық сағаттардан қалған бір ескерткіш Кремльдің мұнарасына 1624 жы-

лы орнатылып осы уақытқа дейін сақталып келген үлкен сағат. Бұл сағат одан бері бірнеше ондаулардың нәтижесінде өзінің құрылысын өзгертті.

Механикалық сағат әлде болса жүрісін реттеп тұратын қосымша механизм (тетікті) керек етті. Бұл тетіктің табылуына бір баланың байқампаздығы себеп болыпты. Ол бала кейіннен ұлы оқымысты болған және «жер күнді айналады» деген теориясы үшін өртеле жаздаған италияндық Галилео Галилей еді. Бала кезінде бір күні ол құдайға сыйыну мезгілінде кездейсоқ шіркеуге бара қалыпты. Кірген бетінде біреу басымен қозғап жіберген бе, әйтеуір, төбеге ілінген үлкен шамның тербелісі баланың назарын аударады. Шам біресе олай, біресе бұлай теңселіп

тұрады. Балаға шамның әр тербелісіне дәл бірдей уақыт кететіндей болып көрінеді. Өзі де құдайға құлшылық етуді сүймейтін Галилей шіркеуден шығып үйіне тартып отырады. Осы байқаған құбылысын ұзақ уақыт тексеріп, кейіннен үлкен қортынды шығарады. Ол барлық ілулі дененің тербелу уақыты ілінетін жіптің ұзындығына байланысты, ал ұзындығы бірдей жіпке ілінген денелердің тербелу уақыты барлығында бірдей болатынын анықтады.

Сүйтіп, Галилей маятниктердің сағат жүрісіне көмегін тигізу жолын ойластырды. Бірақ, ол ойын өзі өлгеннен кейін басқа атақты оқымысты Христиан Гюйгенс іске асырды.

І. Абубакиров.



ШӨМЕЛЕ САЛУҒА БАРҒАНДА

Күн ұясынан жаңа ғана шашырап шығып келе жатқан кез. «Тау-Түрген» колхозының шабындығына баратын жолда топ-топ болып мектеп оқушылары келеді. Бәрінің қолдарында айыр-тырмалары бар. Олар шырқаған екінді ән колхоздың егін даласындағы қызу еңбек дүбірімен ұласқандай.

Шөп жинасуға келген оқушыларды колхозшылар жылы шыраймен қарсы алды. Шабындыққа келісімен-ақ оқушылар бірнеше топқа бөлініп жұмысқа кірісіп кетті.

Алғашта қызу қимылдаған балалар сәске болмай-ақ кібіртікке басты. Осыны байқап тұрған бригадир:

— Балалар, асықпай бір қалыпты қимылдаңдар, әйтпесе, шаршап қаласыңдар,— деп ақыл айтты.

Ертесіне балалар бригадасын тәжірибелі қарт колхозшы Бапа басқарды. Ол балаларға шөмелені неғұрлым қомақты биік үйсе, жел ұшырмайтынын, жауын өтпейтінін түсіндірді. Қазір балалар бригадасын 8-класс оқушысы Нұрғали Дегенбаев басқарып жүр. Бұл жазда шөп жинауда мектеп оқушылары колхозға көп көмек көрсетті.

Ө. НҰРҒИСАЕВ.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы.

ДЕМАЛЫС КӨҢІЛДІ ӨТУДЕ



Менің ағам — сиыр бақташысы. Ол Чапаев атындағы совхоздың 70 сиырын бағады. Мен қазір бақташы ағама көмектесіп жүрмін. Көмектесумен қатар, ол кісіден сиырды мезгілінде суарудың, бұзауларды күтудің сан түрлі тәсілдерін үйренудемін. Бұл менің мектепте биология пәнінен алған білімді толықтыра түспекші. Сонымен қатар, көркем әдебиет кітаптарын оқуды да ұмытқаным жоқ.

Жақында А. Фадеевтің «Жас гвардия» романын, Н. Тихоновтың әңгімелерін оқып шықтым. Өзімнің жасаған жоспарым бойынша, алдағы уақытта Б. Полевойдің «Нағыз адам туралы повесін», М. Әуезовтың «Абай» романдарын оқымақшымын. Сөйтіп, жазғы демалысымды мазмұнды да қызықты өткізіп жүрмін.

С. ДӘРІСҚАЛИЕВ.

Гурьев облысы, Новобогат ауданы.
М. Горький атындағы орта мектеп.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Ю. Шестопаловтың «Алматының апорты» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х.,
Иманжанов М., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 16/VII 1957 г. УГО4109. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 26 500.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1196.

Демалыс уақытында



ШЫНЫ СЫНЫҚТАРЫН ҚАЛАЙ ЖИНАУ КЕРЕК?

Сендер шыныны сындырып алсаңдар, сынықтардың ірілерін жинап алу қиын емес, бірақ күлдей ұсақтары қалып қояды. Мұны жинап алудың бір оңай жолы бар. Замазканы домалақтап, оны шынының ұсақтары жатқан жерге аунатсаңдар, бұған шынының тіпті көзге көрінбейтін ұсақтарына дейін жабысып қалады.

АВТОМАТ НАСОС

Сендер үйде жоқта «Автомат насос» гүлдерді өздері суара алады. Бұл насос бірнеше бөлек жұмсақ матадан жасалады. Оның бір ұшы су құйылған ыдысқа салынады да, екінші ұшы өсімдіктің төңірегіне қоршала қойылады.

ӨЗІҢ ҮЙРЕН

Түймені таққанда, оны киімге жабыстыра тіксеңдер, ол ілгекке симай қалады. Сондықтан түйме қадағанда жіпті қатты тартпай, киім мен түйменің арасын ілгекке біраз селпеу қалдырған жөн.

Киімнің жыртығын инесіз де, жіпсіз де жамауға болады. Жыртылған жердің төңірегіне шикі жұмыртқа жағып, жыртық жерге лайықтап мата салыңдар да (өзі түстес мата болса тіпті жақсы болады) оның үстіне таза қағаз қойып, ыстық утюгпен утюгтеп жіберіңдер.

ҚҰНДЫ ЕСКЕРТКІШ

Микробтардың өнуі бір микробтың бірнешеге бөлінуінен болатынын ең бірінші дәлелдеген Италияның бактериологы Лаццаро Спалланцани еді. Бұл ғалым бір микробтан екінші микробты ажырату үшін көптеген жылдар бойы микроскопқа үнілумен болды. Спалланцаниға ғылымнан қымбатты ешнәрсе болмады. Тіпті ол өз өлігін де ғылымға қызмет етуге қалдырды. Өлер алдында өзінің серіктеріне мынадай өсиет айтады: «Мен өлген соң жүрегімді суырып алып сақтаңдар, мүмкін ол сендердің ауру жүректі емдеу жайында бір жаңалық табуларыңа көмегін тигізеді».

Спалланцанидің жүрегі осы уақытқа шейін Италияның Павия дейтін қаласындағы музейде сақталады.

ТҰҢҒЫШ КЕМЕ


Дүние жүзіндегі тұңғыш кеме «Клермонт» Америкада 1807 жылы бірінші рет суға түсірілген. Ол кемені Роберт Фультон деген кісі жасаған. Кеменің ұзындығы отыз, көлденеңі он метр болған. Онда ескек те, желкен де болмаған. Бүйірлеріне екі дөңгелек орнатылған. Қуаты 18 аттың күшімен тең келетін бу машинасы осы дөңгелектерді айналдырып тұрған. Бұл кеме ауа райы қандай болса да жолаушылар мен жүктерді таси береді екен. Ең бірінші кеме сағатына 8 километрден артық жүре алмаған.

Тынық мұхитта салмағы 25 пілдің салмағына тең келетін киттер кездеседі.

Біздің планетамызда 20 мың түрлі ұлу бар.

Ленинград қаласы 101 аралдың үстіне орналасқан.

ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ



Ортадағы қоянға қалай бару керек?

Жасаған Райхан Момбекова.
Алматы қаласы, 36-мектеп.

ЖҰМБАҚ

Бар жұмысы, ермегі —
Талмай қанат қағады.
Еңбекті қош көрмейді,
Жат ыдысты бағады.
Р. Жарылқасынов.

Қызылорда облысы,
Жосалы станциясы.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 5-санындағы кроссворд, ребус, жұмбақтардың жауаптары.

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Фучик. 3. Химия. 4. Тимур. 6. Севастополь. 7. Сағат. 10. Шолохов. 11. Никитин. 12. Шығанақ. 16. Дон. 17. Жаз. 18. Зоя. 19. Жел. 23. Рязань. 24. Дунай. 28. Терек. 28. Катет. 32. Шетен.

Көлденеңінен:

2. Куб. 5. Сицилия. 8. Репин. 9. Туран. 13. Роман. 14. Кит. 15. Жатыс. 20. Попов. 21. Нахимов. 22. Павел. 25. Шоқан. 26. Рим. 27. Жусан. 30. Тибет. 31. Бажан. 33. Целебес. 34. Жер.

РЕБУС

Жалқауға сөз, шабаңға таяқ өтпейді.

ЖҰМБАҚ ӨЛЕҢ

Декабрь, январь, февраль, март, август, сентябрь, октябрь, ноябрь, май, июнь, июль.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Ғ. Қисабеков, А. Серікбаева (Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы.)

«Пионер» журналының 6-санындағы криптограмма мен жұмбақтардың жауаптары.

КРИПТОГРАММА

«Бір күн бұрын ексең, бір жеті бұрын оарарсың»

ЖҰМБАҚТАР:

Қарағай, бұлт, әтеш.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

А. Қыпшақбаев (Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы),

Б. Тұрғанбаев (Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы),

Қ. Жұмағұлова (Қарағанды облысы, Жезказған ауданы),

М. Қелменбетов (Жамбыл облысы, Луговой ауданы),

Р. Шерімбетова (Қызылорда облысы, Теренөзек ауданы),

Е. Мәмешев, Ә. Омарқұлов, Ұ. Қапаров (Алматы облысы, Еңбекші-казак ауданы).

Бағасы 1 сом.

Сүйікті мектебіңе тарту ет!




Көбелекті өлтіріп, қанатын сындырмай сақтайтын құралдар

Дайын коллекция

Көбелек ұстайтын құрал

Жәндіктер коллекциясы.



БОТАНИКАЛЫҚ ПРЕСС

ДАЙЫН ГЕРБАРИЙ

Гербарий.